



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫ КЕҢЕЙЕ БЕРМЕК



Мемлекет басшысы Швейцария Ұлттық банкін басқарушылар кеңесінің төрағасы Мартин Шлегельді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Швейцария Ұлттық банкі арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев швейцариялық мамандар Қазақстанның Ұлттық банкіне тәуекелдерді басқару және төлем жүйелері секілді бағыттар бойынша техникалық

көмек көрсететінін атап өтіп, олардың қызметіне жоғары баға берді.

Өз кезегінде Мартин Шлегель Қазақстан мен Швейцария ұлттық банктері арасында ақша-кредит саясаты және цифрлық қаржы салаларындағы диалогты жолға қойып, өзара ықпалдастық аясын кеңейтуге ниетті екенін жеткізді.

Сонымен қатар әңгімелесу барысында валюта нарығын нығайту, ұлттық валюталарға сенімді күшейту шаралары және цифрлық активтерді дамыту мәселелері қарастырылды.

НААДАМ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев
Моңғолия Президенті Ухнаагийн
Хурэлсухті Наадам мерекесімен
құттықтады.



Мемлекет басшысы мейірімділік пен қайырымдылық құндылықтарын дәріптейтін тарихы терең бұл мейрамда Моңғолия халқының береке-бірлігі арта беруіне тілектестік білдірді.

Сондай-ақ достас екі ел арасында қалыптасқан өзара құрмет пен стратегиялық серіктестік ортақ игілік үшін одан әрі беки түсетініне кәміл сенетінін жеткізді.

ЭКОСАНА



ТУҒАН ЖЕРДІ АЯЛАУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында еліміздің барлық өңірінде «AMANAT» партиясы жүйелі түрде «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын өткізіп келеді. Бұл бастама қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және азаматтарды туған жерін таза ұстауға ынталандыру мақсатында жүзеге асырылуда. Еліміздің түрлі аймағында өткен тазалық шаралары халықтың кең қолдауына ие болып, игі дәстүрге айналып келеді.

(Жалғасы 2-бетте)

ТАЛАНТ – АЛЛА БЕРГЕН СЫЙ



ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ БАҒАСЫН «ТҰСАУЛАУ» КІМГЕ ТИІМДІ?

Әр азаматтың бастапқы капиталы саналатын баспана жайы қай кезде де өзекті. Бағаның құбылуы өз алдына, биыл бұл салада заңнамалық өзгерістер де аз болмады. Тіпті, өткен айда Ұлттық банк ипотека нарығына араласып, ең жоғары тиімді мөлшерлемеге 20 пайыздық шектеу енгізді. Бір қарағанда халықтың мойнындағы ауыр қаржылық жүктемені жеңілдетудің амалы сияқты көрінгенімен, банктер бірнеше күн ішінде ипотека беруді уақытша тоқтатып тастады.



12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

СЕНАТ

ТАЛДАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР
ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

«Талдау мектебі – Школа аналитики» курсының төртінші кезеңіне қатысушылар дайындаған талдамалық материалдар жинағы жарық көрді.

Жинақта білім берудегі инклюзия, азаматтардың экономикалық және саяси құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етудегі гендерлік тепе-теңдік, жасыл энергетиканы дамыту, еңбек көші-қоны, өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, заң шығарудағы

АІ және Орталық Азиядағы орнықты даму мәселелерін қозғайтын жеті бағыт бойынша зерттеулер дайындаған 14 топтың жұмыс бар.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев осыдан бұрын жинақтың тұсаукесері барысында еліміздің зияткерлік әлеуетін одан әрі нығайту бойынша Сенат жүргізіп жатқан жұмыстардың маңыздылығын атап өткен болатын.

«Осы жинақтан кейін «Талдау мектебінің» төртінші легіне қатысушылар өздерін тек түлектер ретінде емес, сонымен қатар шешім қабылдайтын азаматтарға және ел дамуының өзекті мәселелеріне қызығушылық танытатын кең аудиторияға қолжетімді толыққанды аналитикалық басылымның авторлары деп атай алады. Сенат жанындағы Сарапшылар клубы мен «Талдау мектебі» – еліміздің зияткерлік әлеуетін қалыптастырып, нығайтуға қосқан біздің үлесіміз. Осындай бас-тамалар арқылы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Адал азамат» тұжырымдамасының негізгі құндылықтарын дәріптейміз. Олар – білім, азаматтық өсу, патриотизм және қоғам мүддесіне қызмет етуге дайын болу», – деп атап өтті Мәулен Әшімбаев.

ТУҒАН ЖЕРДІ АЯЛАУ –
ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

(Басы 1-бетте)

Ақмола облысы Бұланды ауданында акция аясында Тасты карьер орман алқабындағы су қоймасы маңында тазалық жұмыстары жүргізілді. Волонтерлер мен жастар ұйымдарының қатысуымен екі тоннадан астам тұрмыстық және пластикалық қалдықтар жиналып, полигонға жеткізілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар тек табиғатты сауықтырумен шектелмей, жерлер арасындағы ынтымақтастық пен жерге деген сүйіспеншілікті де нығайта түседі.

Атырау облысының Құлсары қаласында «AMANAT» партиясының Жылыой аудандық



филиалы ұйымдастырған акция барысында Қамыс-көл жағалауы мен қоғамдық аумақтар қоқыстан тазартылды.

«Қазақтың «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөзі осы бастамамен үндесіп жатыр. Бұл акцияны өмір салтына айналдыруымыз керек. Туған жерді аялау – өз қолымызда», – деді Бастауыш партия ұйымының төрағасы Айдана Тайранова.

Шымкент қаласындағы Қошқар ата өзенінің бойында өткен тазалық жұмыстарына 50-ден астам ерікті мен партия мүшелері қатысты. Олар өзеннің жағасын, түбін қоқыстан тазартып, арамшөптерді шауып, ағаштарды санитарлық тұрғыда әктеп шықты. Жыл басынан бері Шымкентте 26 рет өткен «Таза бейсенбіге» 2 500-ге жуық адам қатысып, 24 тоннаға жуық қоқыс шығарылып, 200-ден астам ағаш көшеті отырғызылған.

Қарағанды облысының Абай ауданындағы Топар ауылы су қоймасының жағалауында 50-ден астам адам, оның ішінде партия мүшелері мен «Жастар рухы» еріктілері 10 текше метр коқыс жинады. Бұл аймақ жаз мезгілінде демалушылар көп жиналатын танымал орындардың бірі болып саналады. Қатысушылар аумақты пластик қалдықтардан, шыны бөтелкелерден, орау материалдары мен басқа да коқыстардан тазартты.

Сонымен қатар Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Ханқожа көлінің жағалауы да қоқыстан тазартылды. 30-дан астам адам қатысқан іс-шара барысында 15 қап коқыс жиналды. Қатысушылар акцияның маңызын түсіндіріп, экологиялық мәдениетті насихаттау жұмысын да қатар жүргізді.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Шалқар көлінің жағасында өткен эко-акция да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жазғы демалыс маусымында мұнда көп адам келетіндіктен, көл жағасын қоқыстан тазарту аса маңызды.

«Жазғы маусымда Шалқарға тек Солтүстік Қазақстаннан ғана емес, еліміздің басқа өңірлерінен де көптеген демалушы келеді. Өкінішке қарай, барлық туристер табиғатқа ұқыптылықпен қарамайды. Сондықтан біз жағалау аймағына ерекше назар аударуды жөн көрдік. Бұл жер тек демалыс орны емес, сонымен қатар ерекше қорғалуға тиіс табиғи мұра», – деді партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Әсет Қожахметов.

Түркістан облысы Келес ауданында Ауған соғысы ардагерлеріне арналған аллеяда санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында ескерткіш маңы ретке келтіріліп, арамшөптен тазартылды.

«Таза бейсенбі» акциясына қатысу арқылы біз тек қоршаған ортаны тазалап қана қоймай, жастар арасында елжандылық рух пен еңбекке деген құрметті дәріптеп, патриоттық тәрбиенің жарқын үлгісін көрсетуді мақсат еттік. Туған өлкенің көркі мен тазалығы – әрбір азаматтың парызы», – дейді партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Ахметов.

Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданында өткен акция барысында «Сарысу» өзенінің жағалауы коқыстан тазартылды.

– Игі іске жастармен бірге қатысып, қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың борышы екенін тағы бір мәрте көрсеттік. Бұл – жай ғана тазалық жұмыстары емес, бұл – жас ұрпаққа үлгі, туған өлкеге деген құрмет. Жағалаудан 20 қап коқыс шығардық. Демалушыларға да коқыстарын шашпай, жинап кету бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргіздік, – деді партияның аудандық филиалының төрағасы Амангелді Түсіпов.

Айта кетейік, 2025 жылдың алғашқы алты айында бұл акция ел аумағында 26 рет ұйымдастырылып, еліміздің барлық өңірінде өтті. 600-ден астам ластанған аумақ – саябақтар, скверлер, өзен-көл жағалаулары, Ұлы Отан соғысы батырларына арналған ескерткіштер, тарихи-мәдени маңызы бар нысандар тазартылды. 15 мыңға жуық адам атсалысып, 2000 тоннадан астам коқыс жиналып, қайта өңдеуге жіберілді.

AMANAT

«АЛАТАУ АМАНАТЫ»
ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Туризм ұлттық экономика өсіміне тың серпін беретін бағытқа айналууда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген саланы дамыту жөніндегі басымдықтарға сәйкес, «AMANAT» партиясы еліміздің негізгі табиғи ландшафттарын қамтитын ұлттық туристік соқпақтар жүйесі – «Алатау аманаты» жобасын іске қосты.

Жоба Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы Аюсай шатқалында бастау алды. Іс-шараға Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, депутаттар, Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата мүшелері, Kaz Alpine Club белсенділері, туристік, экологиялық ұйымдардың өкілдері, «Жастар Рухының» белсенділері қатысты.

«Бүгінде туризм экономикалық өсімге тын серпін беретін бағытқа айналууда. Туризм – бұл жана мұнай. Сондықтан Мемлекет басшысы осы секторды дамыту қажет екенін үнемі айтып келеді. Президентіміз жүргізіп жатқан ішкі және сыртқы сындарлы саясаты арқылы елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық, көршілес мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнады. Нәтижесінде, шетелдік туристер халқымыздың қонақжайлығын жақсы біледі және Қазақстанға ерекше ықыласпен келеді. Бүгінгі «Алатау аманаты» жобасы қазақстандық туризмді дамыту бағытында жасалған тағы бір маңызды әрі жүйелі кадам екеніне сенімдімін», – деді Ерлан Қошанов.

«Алатау аманаты» жобасы Шарын шатқалынан бастап, Тамғалытас археологиялық кешеніне дейінгі 1200 шақырымнан астам қашықтықты алып жататын ұзын-сонар ұлттық соқпақ салуды көздейді. Бағыт бойында 270 мыңнан астам тұрғыны бар 24 инфрақұрылым нысаны мен 20

елді мекен орналасқан. Туристер этноауылдарға, глэмпингтерге, кемпингтерге, визит-орталықтарға, құтқару стансаларына, сондай-ақ гастрономиялық және этномәдени туризм орындарына бара алады. Болашақта мұнда шытырман оқиғаға толы ішкі және халықаралық туризмге арналған тұтас экожүйе пайда болады. «Алатау аманаты» жобасы туризм саласын дамытуды ғана емес, ауыл тұрғындарының экономикалық белсенділігін арттыруды көздейді.

Соқпақ бойындағы негізгі аялдамалар қазірдің өзінде туристік тартымдылығы бар орындарға айналууда. Осындай нысандардың қатарында «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Көк Жайлау шатқалы, Бутаков шатқалы, Алма-Арасан ыстық бұлақтары, Үлкен Алматы көлі, VIII-XIII ғасырлардағы Талхиз қалашығы, сондай-ақ Oi-Qaragai тау курорты бар.

Жоба іске қосылған күні қатысушылар «Таза Қазақстан» жалпұлттық акциясы аясында тауда коқыс жинап, плоггинг – экологиялық іс-шара өткізді.

«Алатау аманаты» жобасын бір жарым жылда жүзеге асыру жоспарлануда. Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясы сарапшылармен бірлесіп, жобаға заңнамалық қолдау көрсетеді. Туристік соқпақтарды құқықтық тұрғыда реттейтін база құрылады, сондай-ақ оларды жобалау мен абаттандырудың бірыңғай ережелері әзірленеді. Болашақта шытырман оқиғаға толы туризмді дамытудың осы тәсілін ел аумағында кеңінен қолдану жоспарлануда.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

САПАР

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – СЕНАТ МІНБЕРІНДЕ

Сенаторлар Мемлекет басшысының тапсырмаларын халыққа түсіндіруге орай республика аймақтарына аттанған болатын. Олар жергілікті басшылармен, мәслихат депутаттарымен, мамандармен және тұрғындармен кездесті. Онда әлеуметтік-экономикалық даму, өндірісті жаңғырту, транзиттік әлеуетті дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері талқыланды.

Сенат Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина мен депутат Әсем Рахметова Петропавл қаласында облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовпен кездесті. Кездесуге қатысушылар негізгі инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелерін, халықты әлеуметтік қолдау шараларын, сондай-ақ өңір тұрғындарына аса маңызды тақырыптарды талқылады. Сенаторлар аймақтағы оң өзгерістер еліміздегі заңнамалық үдерістерге тікелей әсер ететінін атап өтті.

Сенаторлар сапар аясында Аққайың ауданында болып, Ленинское ауылындағы елді мекен ішіндегі жолдарды жөндеу барысымен танысты, сондай-ақ «Оқжетпес» балалар жазғы лагерін көрді. Смирново ауылында тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру туралы ақпарат айтылды.

Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Әли Бектаев Түркістан облысына сапары аясында Кентау қаласында болып, өңір тұрғындарымен кездесті. Жүздесуге қалалық мәслихат депутаттары, өндіріс және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өкілдері, білім беру және денсаулық сақтау саласының мамандары, сондай-ақ ардагерлер мен қоғамдық ұйымдардың белсенділері қатысты. Тұрғындар кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және инфрақұрылымдық бастамаларға қатысты мәселелерді көтерді. Сенатор кездесуге қатысушыларға белсенділігі үшін алғысын білдіріп, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында мұндай диалог кеңінен қанат жаятынына сенім білдірді.

Сенат депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Алишер Сатвалдиев Түркістан облысының Төлеби ауданында болып, аймақтағы кездесулерді жалғастырды. Сапар барысында өнеркәсіп, аграрлық және инфрақұрылымдық даму, сондай-ақ сумен жабдықтау және жұмыспен қамту мәселелеріне баса назар аударылды.

Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов Алматы қаласында бірқатар кездесулер өткізді. Сенатор «AMANAT» партиясы қалалық филиалының басшылығымен, активпен және қалалық мәслихат депутаттарымен кездесті. Заң үстемдігі, әлеуметтік әділеттілік, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру және қоғамдық келісімді нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Депутат кездесу барысында Сенат қараған заңдар мен бастамалар туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Сондай-ақ республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханада болды. Инженерлік инфрақұрылымды жаңарту, су және жылумен жабдықтау, қаржыландыру, кітап қорын

толықтыру және ақпараттық ресурстарды цифрландыру мәселелері талқыланды. Білім беру мекемелерінің тиімді жұмыс істеуі үшін заманауи жағдайлар жасау қажеттілігі басты назарда болды.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары Нұртөре Жүсіп пен Алтынбек Нұхұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болды. Нұртөре Жүсіп жоғары оқу орнының басшылығымен әңгіме барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазіргі заманғы отандық жоғары білім мен ғылым жүйесін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын Орталық Азиядағы ең көне және жетекші жоғары оқу орындарының бірі екенін атап өтті.



Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Сүйіндік Алдашев пен депутат Бекбол Орынбасаров Маңғыстау облысында болды. Сапар барысында Мұнайлы ауданы мен Ақтау қаласындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарға, сондай-ақ жергілікті тұрғындармен және билік өкілдерімен ашық диалогқа баса назар аударылды. Сенаторлар Мұнайлы ауданында аудан тұрғындарымен және мәслихат депутаттарымен кездесті. Бюджетті тиімді жоспарлау, жекеменшік мектептердің мәртебесі, автокөлікті заңдестіру рәсімі және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланды. Депутаттар сондай-ақ жаңа нысандармен де танысты.

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров пен депутат Айгүл Қапбарова Шымкентте қала тұрғындарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен және калалық мәслихат депутаттарымен бірқатар мазмұнды кездесулер өткізді. Онда ел Президентінің тапсырмасы бойынша жүзеге асып жатқан әлеуметтік-экономикалық және құқықтық бастамаларды талқылауға баса назар аударылды. Сенаторлар мәслихат депутаттарымен кездесу барысында әлеуметтік қорғау, инфрақұрылым, білім беру



және сот төрелігі салаларында қабылданған заңнамалық бастамалар туралы егжей-тегжейлі хабардар етті. Сенаторлар Шымкентте азаматтарды жеке қабылдады.

Сенат депутаты Сергей Ершов Осакаров ауданындағы бірқатар әлеуметтік маңызды нысандарда болды. Ол сапар аясында «Жастар» балалар мен жасөспірімдер орта-

және қауіпсіз орта құру, сондай-ақ балалардың барлық санатына білім беру және әлеуметтік қызметке тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Сапар барысында агроөнеркәсіп кешеніне маман даярлау мәселесіне ерекше

назар аударылды. Ақкөл қаласындағы агротехникалық колледждегі түлектердің сұранысы, дуальды оқитуды дамыту және оқу бағдарламаларын жаңғырту жайы талқыланды.

Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі «Рухани дипломатия мен әлемдік және дәстүрлі діндердің қасиетті мұрасын сақтау» тақырыбы бойынша өткен халықаралық конференцияға қатысты. Діни конфессиялар, ғылыми қауымдастық, дипломатиялық топтар және азаматтық сектордың өкілдері дінаралық диалог саласындағы сынқатерді, сондай-ақ жаһандық бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтудағы рухани дипломатияның маңызын талқылады.

Сенат депутаттары Бибигүл Жексенбай, Марат Қожаев және Геннадий Шиповских елордадағы әлеуметтік маңызы бар бірқатар мекемелерде болды. Олар Ұлттық балаларды оналту орталығы мен қалалық психикалық денсаулық орталығын аралап көрді. Сенаторлар кездесулер барысында Мемлекет басшысының елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформалар жайындағы тапсырмалары туралы жан-жақты айтып берді және Парламенттің ағымдағы заң шығару қызметі мен бастамалар бойынша қабылданған заңдардың ережелері



түрлі үйірмелер мен секциялар бар. Сенатор ауылдық жердегі қосымша білім беруді қолдау мәселесіне ерекше назар аударды.

Сенат депутаты Талғат Жүнісов Ақмола облысының Ақкөл ауданында болды. Ол әлеуметтік мекемелердің қызметімен, білім беру және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру барысымен танысты. Сенатор Ақкөл қаласында өмірі қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығында болды. Ондағы жүздесулерде инклюзивті

рін түсіндірді. Мекеме қызметкерлері мамандардың жетіспеушілігі мен қызметкерлерге жоғары жүктемеден бастап еңбек жағдайын жақсарту қажеттігіне дейінгі өзекті мәселелерді көтерді.

Сенат депутаттары Жанболат Жөргенбаев пен Закиржан Кузиев Су ресурстары және ирригация министрінің орынбасары Ерболат Ибрайхановпен бірлесіп отырып, Жетісу облысындағы Панфилов ауданында су шаруашылығы саласындағы маңызды инфрақұрылым-

дық жобаларды іске асыру барысымен танысты. Сенаторлар сапар аясында жаңа үш су қоймасының құрылысы жоспарланып отырған алаңдарды көріп шықты. Олар су қоймаларының құрылысы өңірдегі агроөнеркәсіп секторы үшін және жалпы ауылдық аумақтарды тұрақты дамытуда стратегиялық маңызы зор екенін атап өтті.

Сенаторлар Ольга Булавкина мен Шәкәрім Бұқтұғұтов Шығыс Қазақстан облысындағы Самар және Күршім аудандарында болып, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру барысымен танысты. Білім беру, денсаулық сақтау және ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Депутаттар Самар ауылында болған кезде мемлекеттік бағдарламалар аясында салынып жатқан жаңа бастауыш мектептің құрылыс алаңында болды. Сапар барысында аудан және облыс әкімдерімен, мәслихат депутаттарымен және кәсіпкерлермен кездесулер болды. Су құбырлары мен дене шынықтыру нысандарын салу, санитарлық қауіпсіздікті сақтау мәселелері мен туризмді дамыту мүмкіндіктері талқыланды.

Сенатор Жанна Асанова Алматыда медициналық мекемелер, бизнес-қоғамдастық және жұртшылық өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді. Онда заң шығару жұмысының басым бағыттары, сондай-ақ денсаулық сақтау мен кәсіпкерліктің өзекті мәселелері талқыланды. Сенатор қаланың қоғамдық кеңесінің мүшелерімен кездесуде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, авторлық құқық, креативті индустрия және салық саясаты мәселелері бойынша түзетулер әзірлеуге өзінің қатысқаны туралы айта келіп, Парламенттегі бір жылғы жұмыстың қорытындысына тоқталды. Әлеуметтік қорғау, инклюзивті қоғам және халықтың жаппай несие алуын азайту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сенатор Серік Өтешов Қарағанды облысында жергілікті өзіні басқаруды дамыту және ауыл медицинасын жаңғырту мәселелеріне арналған бірқатар кездесулер өткізді. Жүздесуге Нұра және Осакаров аудандарының ауылдық округтерінің әкімдері, сондай-ақ аудандық ауруханалар басшылары қатысты. Сенатор жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен кездесуде ауыл әкімдерінің рөлін арттыру және халықты жергілікті жердегі басқаруға тартудың маңыздылығын атап өтті. Депутат өңірдегі аудандық ауруханалардың бас дәрігерлерімен де кездесті.

Сенат депутаттары Арман Өтегұлов пен Ләззат Рысбекова Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысты. Сенаторлар Подстепновка ауылдық округіндегі Барбастау ауылында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ашық су айдындарында форель мен тұқы балығын өсіру жобасын іске асыратын BARBASTAU RIVER кооперативінде болды. Сенаторлар өсімдік шаруашылығына маманданған «Жайна» және WestAgroFood серіктестігінде де болды. Онда субсидиялау, сумен қамтамасыз ету және агротехнологияны енгізу мәселелері туралы әңгіме қозғалды. Депутаттар «Аэлига» бау-бақша және «Өтеғалиев» бөдене шаруашылығын жүргізетін жеке кәсіпкерлік өкілдерімен кездесті.

Айна ХАСАН

ДЕПУТАТ КҮНДЕЛІГІ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин мұнайлы Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында бірнеше маңызды нысандарда болып, жергілікті тұрғындармен және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізді.



АРМАНДАР АҚИҚАТҚА АЙНАЛДЫ

2000 жылдардың басында Маңғыстау ауданының ақсақалдары сол кездегі облыс әкімі Ләззат Қиыновқа хат жазып, Жетібайдан Шетпеге дейін газ тартуды сұраған еді. Бұл бастама тек бір аудан үшін емес, бүкіл Қазақстанды газдандыру жолындағы алғашқы қадамдардың бірі болды.

Бүгінде сол армандар ақиқатқа айналды. Тиген мен Тасмұрын ауылдарына да табиғи газ беріліп, нәтижесінде Маңғыстау өңірінің 99% елді мекені көгілдір отынмен қамтылды. Бұл — Президенттің елімізді газдандыру жөніндегі стратегиялық саясатының нақты жемісі.

— Бұл маңызды жобаны кезінде сайлаушыларымыз Самат

Мұсабаев екеумізге аманат еткен болатын. Біз қолдан келген барлық көмекті көрсеттік. Сонымен бірге, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қиыбай бастаған команда бұл істің уақытылы және сапалы жүзеге асуына зор үлес қосты. Ең бастысы, ауыл тұрғындарының әл-ауқаты артады. Газ келген ауылға тіршілік оралады: жастар кері оралып, шаруашылық кластері дамиды, жаңа мүмкіндіктер ашылады. Үлкен идеялардың жүзеге асуы осындай жергілікті жобалардан басталады, — дейді Еділ Жаңбыршин.

Депутат сапар барысында мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелерімен жүздесті. Кездесу барысында жер-

гілікті тұрғындар бірнеше маңызды мәселені көтерді. Атап айтсақ, Жармыш ауылындағы ішкі жолдарды жөндеу және спорт кешенін салу; жобалық-сметалық құжаттамаларда (ЖСҚ) жіберілетін қателіктерді түзету; құрылыстың нақты мерзімін 3 жылға дейін ұзарту мәселесі — себебі жобалар жыл басында басталмай, қаржы кеш бөлінеді, нәтижесінде мерзім созылып, қайтадан ЖСҚ түзетіледі. Сонымен қатар Шетпе—Қызыл жолының аяқталмай қалған 3 шақырымын бітіру, Қызыл, Сайөтес ауылдарында дәрігер тапшылығы мәселелері де айтылды.

К.ЕСІМ

КӘСІПОРЫНДАРДЫ ЭНЕРГИЯМЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Дүйсенбай Тұрғанов пен Әділ Жұбанов өңірлерге жұмыс сапары барысында Атырау облысына барды. Онда «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағындағы өндірістік нысандардың жай-күйімен танысып, Karabatan Utility Solutions ЖШС электростансасында болды.



Кәсіпорын басшылығының мәліметінше, қазір қуаттылығы 310 МВт болатын электр стансасы КРІ зауытын толықтай энергиямен қамтып отыр. Алдағы уақытта бұл жүйеге тағы екі ірі зауыт қосылады.

— Бүгін іске қосылғанына бес жыл болған, арнайы экономикалық аймақты энергиямен қамтитын қуатты электр стансасының жұмысымен таныстық. Соңғы уақытта шағын және орта кәсіп иелері де осы стансадан қуат алуға өтініш білдіре бастады. Осыған байланысты қосалқы станса құрылысын қаржыландыру қажеттілігі туындап отыр. Қыркүйекте Парламент сессиясы басталған соң бұл мәселелерді заңнамалық деңгейде көтеріп, шешу жолдарын қарастырамыз, — деді Д.Тұрғанов.

Бірақ Karabatan Utility Solutions ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Руслан Қалиевтің айтуынша, бастапқы жобада шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін электр қуатына қосу ескерілмеген. Сондықтан қазіргі қажеттілікті өтеу үшін қуаттылығы 165 МВт болатын жаңа қосалқы стансаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, тиісті сараптамадан өткен. Жобаға қаржы бөлінсе, нысанды 2028–2029 жылдары іске қоса жоспарланып отыр.

Сондай-ақ депутат шағын және орта бизнесті қолдау ел экономикасының дамуына тікелей ықпал ететінін, электр қуатына қолжетімділіктің болмауы кәсіпкерлік бастамаларды тежейтінін айтты.

Өз кезегінде Әділ Жұбанов аумақта газ-химия бағыты бойынша арнайы экономикалық аймақ құрылып, кәсіпкерлер тартылғанына, алайда олар өндіріс ашуға ниетті болғанымен, электр қуатының жетіспеушілігі үлкен кедергіге айналып отырғанына тоқталды.

— Бұл — біз үшін үлкен сын. Энергетика министрлігінің салғырттығы салдарынан осындай жағдай қалыптасып отыр деп есептеймін. Себебі күрделі мәселені шешу үшін аса көп қаржы қажет емес. Мәселен, қазіргі кезде мұнда 20 МВт қуатқа сұраныс бар. Бұл шамамен 12 жобаға қатысты, ал оны іске асыру үшін небәрі 1,1 миллиард теңге қажет. Аймақта бос жер жеткілікті. Алайда қажетті инфрақұрылым болмағандықтан, өзге кәсіпорындар келуге құлықсыз, — деді Ә.Жұбанов.

Депутаттар бұл мәселе Парламенттің күн тәртібіне шығарылып, Энергетика министрлігімен бірлесіп шешім қабылданынын жеткізді.



ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН СЕРГЕКТІК — БАСТЫ НАЗАРДА

Мәжіліс депутаты Данабек Исабек жұмыс сапарымен Шымкент қаласындағы егде жастағы азаматтарға арналған «Ізетті зейнеткер» орталығында болып, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Бұл әлеуметтік мекеме «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында көрсетілген маңызды бастамалардың бірі ретінде ашылып, 2023 жылдың 1 қарашасынан бастап қызмет көрсетуде. Іс-шараға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының міндетін атқарушы Ербол Байқонысов, қалалық мәслихаттағы партия фракциясының жетекшісі Қайрат Иманов, мәслихат депутаттары Талғат Исхахов, Нұрсұлтан Балабиев, Абай аудандық филиал төрағасы Нұрғазы Бұхарбай, атқарушы хатшысы Әбдес Рахманұлы, сондай-ақ Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Өтебаева мен мекеме қызметкерлері қатысты.

Алғашында 70 адамға лайықталған «Ізетті зейнеткер» мекемесі бүгінде бір уақытта 120 зейнеткерді қабылдай алатын әлеуетке ие. Мұнда демалушыларға сапалы медициналық және әлеуметтік қызметтер толық көлемде ұсынылады.

Мекеменің жалпы аумағы — 3 699,9 шаршы метр. Ғимарат ауласында қариялардың таза ауада серуендеп, демалуына мүмкіндік беретін көгалдандырылған аймақ, шағын саябақ, субұрқақ, демалыс орындықтары қарастырылған. Бұл — психологиялық әрі физикалық релаксация үшін жасалған тиімді жағдайлар.

Зейнеткерлер мекемеде дәрігердің бақылауында болып, әрқайсысы өз денсаулығына қарай арнайы емдік процедура-

лардан өтеді. Бұдан бөлек, күнделікті төрт мезгіл ыстық әрі құнарлы тағам ұсынылады. Демалушылардың рухани қажеттілігін ескере отырып, мәдени бағдарламалар ақын-жазушылармен кездесулер, ән-күй кештері де тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Мекеменің тыныс-тіршілігімен танысқан депутат Данабек Исабек бұл орталықты партияның әлеуметтік бағыттағы жарқын жобасы ретінде жоғары бағалады. «Бұл — халқымыздың, әсіресе қарттарымыздың салауатты ғұмыр кешуіне ықпал ететін маңызды бастама. Мұндай орталықтар еліміздің өзге өңірлеріне де үлгі болуға тиіс», — деді халық қалаулысы.

Демалушылар да көрсетіліп отырған қамқорлық пен қызмет сапасына риза екендіктерін білдірді. — Мұнда барлық жағдай жасалған. Денсаулығына шипа іздеген біз сияқты қариялар үшін таптырмас мекен. Осындай қамқорлыққа мұрындық болған азаматтарға алғыс айтамыз, — дейді орталықтың демалушысы Раиса Қалмағамбетова.

Айта кетейік, «Ізетті зейнеткер» орталығына жолдама алу үдерісі толық цифрландырылған. Зейнеткерлер geo-shym.kz порталы арқылы электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦК) көмегімен өтінім беріп, кезек нөмірін де онлайн түрде бақылап отыра алады.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

НАРЫҚ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Әр азаматтың бастапқы капиталы саналатын баспана жайы қай кезде де өзекті. Бағаның құбылуы өз алдына, биыл бұл салада заңнамалық өзгерістер де аз болмады. Тіпті, өткен айда Ұлттық банк ипотека нарығына араласып, ең жоғары тиімді мөлшерлемеге 20 пайыздық шектеу енгізді. Бір қарағанда халықтың мойнындағы ауыр қаржылық жүктемені жеңілдетудің амалы сияқты көрінгенімен, банктер бірнеше күн ішінде ипотека беруді уақытша тоқтатып тастады. Нарық ойыншыларының бұл әрекетінен кейін қаржы реттеуші өз шешімін қарашаға қалдырған болатын. Күзге дейін жан нәсіп дегенмен, көптің көкейінде қайтпек керек деген сауал қалғаны анық.

Тәуелсіз сарапшылардың түйіні нарықта белсенділік баяулаған деген пікірге келіп тоғысады. Дегенмен бұл уақытша тенденция, өйткені бұған дейін де тұрақты өсім көрсетіп отырған баға әрі қарай да қымбаттай беріуі мүмкін. Алдымен статистикаға көз жүгіртсек. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2025 жылдың басынан бері Қазақстандағы тұрғын үй нарығында баға тұрақты түрде өсіп отырған. Мысалы, ел аумағында бірінші нарықтағы тұрғын үйлер орташа есеппен 6,9 пайызға қымбаттаған. Оның ішінде, ең көп қымбаттаған өңір Павлодар қаласы (+18,9%). Одан кейін Алматы (+12,3%), Қызылорда (+11,9%) және Шымкент (+10%). Ал Ақтау, Қостанай, Өскемен, Семей және Түркістанда баға өсімі 2%-дан аспады. Бұл жана үйлерге деген сұраныстың жоғары екенін және баға өсімі инфляциядан асып бара жатқанын көрсетеді.

«Жалпы алғанда, тұрғын үй бағасы әлі де жоғары деңгейде және бұл жағдай жыл соңына дейін жалғасуы мүмкін. Бірақ жана және ескі үйлердің сату бағасының өсуі тұрғын үйге деген қызығушылықтың қайта артып келе жатқанын көрсетеді. Мемлекеттік бағдарламалар мен жеңілдетілген несиелердің қолдауы бар болса да, маусым айында нарық белсенділігі азайды. Жылдың екінші жартысында дәстүрлі түрде сұраныс өседі, бұл үйлер бағасының одан әрі қымбаттауына себеп болуы мүмкін», — дейді Halyk Finance сараптама орталығының маманы Арслан Аронов.

Ал ескі үйлер нарығындағы жағдай сәл өзгеше. Жалпы, республика бойынша ескі үйлер 5,3%-ға қымбаттаған. Бұл нарықтың аса қатты өзгермегенін білдіреді. Kri-sha.kz жылжымайтын мүлік порталының сарапшысы Инна Пчелянскаяның айтуынша, сатушылар ақша құнсызданбауы үшін бағаны көтеруге мәжбүр.



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ БАҒАСЫН «ТҰСАУЛАУ» кімге тиімді?

«Өйткені жаңа тұрғын үйлердің бағасы өсіп, инфляция баяуламай тұр, ал 2026 жылдан бастап ҚҚС мөлшері 16 %-ға дейін көтеріледі. Алайда сұраныс төмендеп келеді, бұл пәтер иелерінің «тәбетін» тежейді. Сондықтан нарық икемдірек бола бастады: сатушылар нақты сатып алушыларға жақсы жеңілдіктер жасауға дайын. Ал мамырмен салыстырғанда маусым айында бағаның өсуі баяулағанын маусымдық құбылыс. Сондай-ақ сатып алу белсенділігінің төмен болуына байланысты бағаның уақытша түзетілуі деп қабылдауға болады. Қазақстан аумағы бойынша баға орта есеппен +0.5 % ғана өскен. Қалалардағы өзгерістер бағаның өсуі де, төмендеуі де аса айтарлықтай емес», — дейді ол.

2025 жылдың маусым айында Астанадағы пәтер бағаларына көз жүгіртсек, олардың бөлме санына және қай нарықта сатылып жатқанына қарай айтарлықтай айырмашылығы бар екенін көреміз. Жаңа үйлердегі пәтерлер, яғни бірінші нарықтағы бағалар әлдеқайда қолжетімді. Мысалы, танымал тұрғын үй бір бөлмелі пәтердің орташа бағасы шамамен 14 миллион теңге. Мұндай пәтерлер әдетте шағын — 38-42 шаршы метр шама-сында. Екі бөлмелі жана пәтерді шамамен 19,5 миллион теңгеге, ал үш бөлмелі пәтерді 38-39 миллион теңге көлемінде сатып алуға болады. Екінші нарықтағы, яғни бұрын пайдаланылған пәтерлердің бағасы бұлармен салыстырғанда едәуір жоғары. Бұл пәтерлердің 1 шаршы метрі орта есеппен 528 мың теңге тұрады.

Ал Ұлттық банк күзге дейін шегерген өзгерістер туралы тәуелсіз сарапшылар ортақ пікірге ойысады. Өйткені банктер үшін тиімсіз бұл шешім нарық құрылымын түбегейлі өзгертуге әкеп соқтыруы мүмкін. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының бас сарапшысы Рамазан Досовтың айтуынша, базалық мөлшерлеме 16,5% деңгейде тұрғанда, 20%-дық шекті мөлшерлеме тым төмен, себебі 3,5 пайыздық айырмашылық несиелер тәуекелін де, операциялық шығындарды да жаппайды. Демек, банктер үшін мұндай ипотека беру тиімсіз.

— Егер күзде тиімді мөлшерлеменің шекті деңгейін төмендету туралы шешім қабылданатын болса, бұл нарықтық ипотекалық

өнімдердің ұсынысын қысқартуға және/немесе несиелер беру талаптарын қатаңдатуға әкелуі мүмкін, — дей келе сарапшы аталмыш өзгерістердің құрылыс компаниялары және жалпы экономика үшін қандай тәуекелдер туындайтынына тоқталды. — Құрылыс компаниялары үшін негізгі тәуекел — бастапқы нарықта төлем жасауға қабілетті сатып алушылардың азаюы. Өйткені бұл сегмент «нарықтық» ипотекалық өнімдер есебінен қолдау тауып отыр. Қазір ірі қалаларда жана тұрғын үй ұсынысы айтарлықтай көп, алайда ол мемлекеттік бағдарламалар шарттарына сәйкес келмейді, яғни ол негізінен нарықтық ипотекаға үміткер заемшыларға бағытталған. Егер шекті тиімді мөлшерлеме төмендейтін болса, мұндай клиенттердің едәуір бөлігі несиелендіруге қол жеткізе алмай қалуы мүмкін, себебі талаптар күшейтіліп, кейбір ипотекалық өнімдер тоқтатылуы ғажап емес.

Жалпы алғанда, сарапшының сөзінше, бұл өзгерістер экономиканың өзекті мәселесіне — құрылыс саласындағы белсенділіктің бәсеңдеуіне алып келмек. Өйткені құрылыс — ішкі сұраныс пен жұмыспен қамтудың негізгі қозғаушы күштерінің бірі. Тұрғын үй құрылысын азайту мен инвестициялық белсенділіктің төмендеуі құрылысқа байланысты басқа салаларға да әсер етуі мүмкін, мысалы: құрылыс материалдарын өндіру, көлік, логистика және қызмет көрсету салалары.

— Бұдан бөлек, Қазақстанда ипотекалық нарық құрылымдық тұрғыда мемлекет қолдауына тәуелді, себебі жаңа несиелердің 80%-дан астамы жеңілдетілген бағдарламалар арқылы беріледі. Мұндай жағдайда нарықтық мөлшерлемелерді жасанды түрде шектеу жеңілдетілген ипотека алғысы келетіндер саны мен мемлекеттің бұл сұранысты толық қанағаттандыру мүмкіндігінің арасындағы теңсіздікті арттырады. Бұл өз кезегінде толыққанды нарықтық механизмнің дамуын тежейді, — дейді Р.Досов.

Егер нарықтық ипотекалық қолжетімділігі одан әрі төмендейтін болса, тұрғын үйге деген сұраныс

құрылымы, ең алдымен, жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларға қарай ығысуы мүмкін. Себебі маман мұндай жағдайда тұрғын үйді несиелер алудың жалғыз құралы — осы бағдарламалар болып қалатынын айтты. Бұл өз кезегінде жеңілдетілген ипотека сегментінде сұраныстың шектен тыс артуына және шектеулі қаржыландыру үшін бәсекенің күшеюіне алып келеді. Сонымен қатар ұзақ мерзімді перспективада нарықтық ипотекаға қолжетімділіктің шектелуі әлеуметтік жіктелуді күшейтуі ықтимал. Яғни, бір жағынан — жинақтары мен жеңілдетілген қаржыландыруға қолжетімділігі бар азаматтар, екінші жағынан — тұрғын үй жағдайын жақсартуға алмайтын және жалдамалы тұрғын үйге тәуелді болып қала беретін азаматтар арасында алшақтық ұлғаяды.

— Дегенмен оның теріс әсері барлық нарық сегменттеріне таралуы мүмкін, бірақ ол біркелкі болмайды. Ең алдымен, мемлекеттік бағдарламаларға жатпайтын бастапқы тұрғын үй сегменттері зардап шегеді. Әсіресе, бұл — «комфорт» және «бизнес» класты тұрғын үйлерге қатысты, өйткені бұл санаттағы сатып алушылар әдетте нарықтық ипотекаға сүйенеді. Егер тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесі төмендейтін болса, банктер мұндай өнімдерден бас тартуы немесе талаптарды айтарлықтай қатаңдатуы мүмкін. Бұл өз кезегінде сұраныстың төмендеуіне және нысандардың сатылу мерзімінің ұзаруына әкеледі, — дейді қаржыгерлер қауымдастығының бас сарапшысы.

Тұрғын үй бағасы шарықтап тұрған калалық жерлер мен ірі мегаполистерде де сатып алушылар негізінен екінші деңгейлі банктер ұсынатын ипотекалық өнімдерге арқа сүйейді. Өйткені мемлекеттік бағдарламалар бойынша белгіленген лимиттер көбіне қажетті тұрғын үйдің құнын толық өтеуге жеткіліксіз. Мұндай жағдайда, әсіресе инфрақұрылымы жақсы дамыған аудандардағы жана тұрғын үй жобаларын өткізу құрылыс компаниялары үшін қиынның қиыны болары анық.

Сонда ипотекалық нарықты сауықтыру үшін қандай жүйелі ша-

ралар қажет деген сауалымызға маман былай деп жауап қатты:

— Ипотекалық нарықты тұрақтандыру үшін алдымен несиелер берудің құнын азайту керек. Яғни, банктер арзан әрі ұзақ мерзімді теңгемен қаржыландыратын ресурстарға қол жеткізе алуға тиіс. Бұл үшін банктерге бұрын берген ипотекаларды арнайы қаржы құралдары арқылы сату мүмкіндігін жасау қажет — бұл олар үшін жаңа қаражат көзін ашады. Сонымен бірге ипотекалық несиелер мөлшерлемелерінің табиғи түрде төмендеуі үшін инфляцияны бақылауда ұстап, Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесін де біртіндеп төмендету маңызды, — дейді ол.

Маман атап өткен тағы бір маңызды қадам — тұрғын үй құрылысы жинақ жүйесіне барлық екінші деңгейлі банктердің қатысуына рұқсат беру. Қазір бұл жүйе тек бір банкке ғана тиесілі, ал мұндай шоғырлану нарықтағы бәсекені шектейді. Егер бұл жүйе барлық банктерге ашық болса, тұрғын үй несиелерінің түр-түрі пайда болып, таңдау көбейеді. Сондай-ақ сарапшы халықтың нақты табысын арттыру — басты міндеттердің бірі екенін сөз етті. Адамдар көбірек табыс тапса, олар ипотека алуға дайын болады, өрі бұл мемлекеттік қолдауға деген тәуелділікті азайтады.

Сонымен қатар Рамазан Досов елде ипотекалық мемлекеттік бағдарламаларға тәуелділігі артып келе жатқанына назар аударады.

— Мәселен, мамыр айындағы деректер бойынша, ипотекалық несиелердің 80%-дан астамы мемлекеттік бағдарламалар арқылы берілген. Оның ішінде 79%-ы «Отбасы банкі», ал 3,5%-ы «7-20-25» бағдарламасы аясында. Бұл жағдай ипотекалық нарықты мемлекеттік бюджетке тәуелді етеді және ұзақ мерзімді перспективада оның тұрақсыздығын арттырады. Өйткені мемлекет тұрғын үй жағдайын жақсартуға деген сұраныстың барлығын толықтай қамти алмайды. Бұл міндетті тек толыққанды нарықтық сегмент атқара алады, — дейді ол.

Ал экономист Ғалым Құсайыновтың айтуынша, банктерде ұзақ мерзімді өтімділік жоқ. Өйткені Қазақстанда ұзақ мерзімді депозиттер де, ұзақ облигациялық бағдарламалар да дамымаған.

«Сондықтан банктер кез келген жағдайда қысқамерзімді ақшаның құнына қарап әрекет етеді. Ал болашақта базалық ставка төмендеуі мүмкін дегенге қарамастан, банктер әрдайым ең нашар сценарийді негізге алады. Себебі базалық ставка тек төмендеп қоймай, қайта өсуі де мүмкін. Егер балансында ұзақ мерзімді, тұрақты мөлшерлемелер берілген ресурс жоқ болса, банктер ұзақ несиелер беріп, пайыздық тәуекелге бармайды. Ал ақша тарту мен оны сату процесіне қойылатын шектеулер нарықты бұрмалап, үлкен теңсіздік тудырады. Бұл өз кезегінде еліміздің өзге де салаларына зиян келтіреді. Сондықтан Қазақстанда баға қалыптастыруда нарықтық механизмдердің жұмыс істеуі аса маңызды», — дейді тәуелсіз сарапшы.

Қорыта айтқанда, нарықтық ипотека дамымайынша, бұл құрал тек мемлекеттік бағдарламалар шарттарына сәйкес келетін азаматтар үшін ғана қолжетімді болып қала бермек. Сондықтан жоғарыда айтылған кешенді шаралар ғана ипотекалық қолжетімділігін арттырып, құрылыс секторының тұрақты дамуына жол ашады.

Кәмила ДҮЙСЕН

МӘСЕЛЕ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Елде дәрі-дәрмек тапшылығы байқалады, сырқаттар ауруханада кей препараттың біткенін біліп, өз бетінше сатып алуға мәжбүр. Мемлекет үшін медикаменттерді орталықтан сатып алып, тұрақты қамтуға жауапты жеке құрылым бар, ол – «СҚ-Фармация» ЖШС. Алайда бірыңғай дистрибьютор өзіне жүктелген басты міндеттің үдесінен шыға алмады. Жанжал аясында басшысы орнынан қуылды. Депутаттар бұған қанағаттанбады: «ең кемі 10 қылмыстық іс ашылуы керек», – дейді. Бұл жүйе неге жарға жығылды?

Айхан ШӘРІП

2009 жылдың 11 ақпанында құрылған кезінен бері Бірыңғай дистрибьютордың басы даудан арылмай келеді. Қоғам белсенділері, сарапшылар, енді міне, Мәжіліс депутаттары оны жабуды талап етіп отыр. Ұйымның басшылары жиі ауысады. Бір жылдан аз уақыт бұрын, 2024 жылғы 29 шілдеде Еркен Жақатай «СҚ-Фармацияның» тізгінін қолға алды. Мемлекеттік және квазимемлекеттік секторда 30 жыл істеп, кейін, 2021 жылы бизнеске кеткен оған Үкімет үлкен сенім артты. Үміт ақталмады.

Дәрі тапшылығына қатысты жана жанжал аясында Е.Жақатай отставкаға кетті. 2025 жылғы 3 шілдеде компания Денсауминінің бұйрығымен «СҚ-Фармация» ЖШС-ның жана басқарма төрағасы болып Нұрлыбек Асылбеков тағайындалғанын хабарлады. Ол бұған дейін 3 жылдан астам Шымкенттің Денсаулық сақтау басқармасын басқарған. Оның Бірыңғай дистрибьютор тәрізді республикалық деңгейдегі алып құрылымды басқару тәжірибесі жоқ. Бірақ кім білген, саланың бағын осы маман ашуы да мүмкін, солай бола ма, жоқ па, оны уақыт көрсетеді. Әзірге Н.Асылбеков тегін дәріні сатып алу, жеткізу проблемаларын шешу үшін төл реформасын бастады. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасы мен Логистика басқармасына жеткізу кестелерін қайта қарап, әр айдың 20-на дейін өзектендіріп отыруды жүктелді.

Аймақтағы үйлестіруді күшейту, жергілікті жерде туындаған шетін мәселе бойынша жедел ақпарат алмасып, ден қою үшін «СҚ-Фармация» ЖШС-ның өңірлік өкілдері әкімдіктердің Денсаулық сақтау басқармасының апталық аппараттық жиналыстарына үнемі қатысуға міндеттелді. «СҚ-Фармация» жаңа басшысы дәрі-дәрмек көлемін жоспарлау, өтінімдерді қалыптастыру және сатып алу бойынша өңірлік денсаулық сақтау басқармаларымен және медициналық ұйымдармен тиімді өзара әрекеттестікті орнатуға, яғни ашық болуға уәде етті.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Бакытжан Базарбек жауаптылар жұмыстан кете қоюмен құтылмауы керек деп есептейді. Қолымен істегенін мойнымен көтеруге тиісті. «Бір ғана мысал: «СҚ-Фармацияның» орталықтан-дырылған түрде сатып алған дәрі-дәрмектерді сақтайтын төл

қоймалары, оны таситын көлігі жоқ, оның бәрін жалдайды. Мұнда түрлі «сұр» схема қолданылады. Бұл логистикалық қызметтері алпауыттар арасында бөлінген. Аудиторлар олардың өз қызметінің құнын шектен тыс жоғарылатып отырғанын анықтады. Салдарынан, бір ғана 2024 жылы логистика бағасын 62%-ға, тасымалды 10%-ға тағы қымбаттатқан», – деді заңгер-депутат.

Фактілер әшкереленген соң, «СҚ-Фармация» шара қабылдап, тәсілдемесін өзгертті. Мәжіліс депутатының пікірінше, өзгеріс нәтиже бермеген, керісінше, жағдайды нашарлатқан: бағаның 2 есеге өсуіне соқтырды. Соның салдарынан, мемлекет 14 миллиард теңге жоғалтыпты. Дәрілік препараттар орталықтан өңірлерге уақытында жеткізілмей, тапшылық басталды, сырқаттар қан-қақсады. Ауруханалар және науқастар амалсыз, медикаментті өз қаржысына, өз бетінше сатып алуға мәжбүр.

ТАПШЫЛЫҚҚА НЕ СЕБЕП?

«Денсауминінің сатып алудың жаңа моделі бойынша дер кезінде тиісті шешім қабылдамауы кесірінен 2025 жылғы 4 айда логистикалық қызметтен келген шығын 748 миллион теңгеден асқан. «СҚ-Фармацияның» күш-жігері арқасында фармацевтикалық алпауыт-



тар, шетелдік дәрілердің дилерлері қандай ұлан-ғайыр табысқа кенелгені белгісіз. Бірақ жіберілген қателік үшін неге ешкім жазаланбайды? Мемлекетке ондаған, жүздеген миллиард теңге залал келген! Халық қаржысы талан-тараж болды. Кім оны өтейді? «СҚ-Фармация», Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығының басшылары лауазымынан алып тасталыпты. Қылмыстық жазаға тартылуы қажет! Мен айтқанымдай, ең кемі 10 қылмыстық іс шығады», – деген сенімде депутат Б.Базарбек.

Денсаулық сақтау министрлігі айыптарды мойындамайды. Оның хабарлауынша, 2024 жылы «СҚ-Фармация» ЖШС-і 1 200 аурухананы және 700 қалалық емхананы дәрілік құралдармен және медициналық бұйымдармен толық қамтыған. Бұған мемлекет жарты триллионға жуық (479,9 миллиард теңге) қаражат бағыттады. Әйткенмен, биыл халықты дәрі-дәрмекпен қамтуға жұмсалатын қаржы екі еседей қысқарды: 2025 жылға дәрі сатып алуға Үкімет небәрі 263 миллиард теңге бөлді. Медикаменттердің тапшылығына бұл да сүбелі үлесін қосса керек.

ДӘРІДЕН

Қалай болғанда, Бірыңғай дистрибьютор осы жүздеген миллиард ақшаға дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың «азаймайтын қорын» жасақтауға, тоқсан сайын оны тұрақты толықтыруға, сондай-ақ іс жүзіндегі тұтыну көлемін есепке алып, медбұйымдарды үздіксіз қамтуға тиіс. Сенатор Айнұр Арғынбекова Денсаумині қабылдап жатқан барлық шараға қарамастан, дәрі-дәрмек жеткізуде үзілістердің туындауы жыл сайын қайталанып, елді әбден ығыр еткенін атап өтті. Өмірлік маңызды препараттар жетіспеушілігі жыл басында да, соңында да бой көрсетеді.

– Созылмалы дерті бар, ауруы жанына батқан науқастарға дәрі-дәрмегі үнемі кешігіп жетеді. Бұл жайт бұқара арасында әлеуметтік дау туғызады. Тапшылыққа қажетті көлемді дұрыс жоспарламау, қаржыландырудағы шектеулер де себепкер. Медициналық ұйымдар дәріні сатып алу көлемін айқындауда қиындық көреді, себебі олар «СҚ-Фармациядан» оның сатып алу рәсімдерін өткізуі және тапсырысты орындауы туралы жедел ақпарат ала алмайды. Жабық бір ұйым. Мұның сыртында бүгінде қалыптастырылған сатып алу жүйесі тізім мен көлемге сәйкес тұрақты жеткізілімді қамтамасыз етуге әрдайым мүмкіндік бере бермейді, – деді Айнұр Серікпайқызы.

ДӘРІМЕН ҚАМТУ – ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ

Сенатор «Инсулиннің», қарсуға және эпилепсияға («қояншыққа») қарсы дәрілік заттардың, ісікке қарсы препараттардың бітіп қалғаны жөнінде сайлаушылардың дабыл қағып жатқанын жеткізді. Мұның бәрі – тұрақты қабылдауды талап ететін, науқастың өмірі тікелей тәуелді болатын медикаменттер. Содан адамдар өліп жатса, кім жауапты?

– Мұндай ауыр жағдайда Денсауминінің және басқа мемлекеттік органдардың барлық ақпараттық жүйенің жұмыс істеп тұрғаны, қажетті нормативтік актілердің қабылданғаны, қаржыландыруға кедергі жоқтығы туралы мәлімдемелерінің құны көк тиын. Өйткені нәтиже жоқ, дәрі жоқ! – деген сенатор тағы бір мәселені көтерді: мемлекет әлі күнге жоғары сапалы, бірақ құны қымбаттау, түпнұсқа препараттарға шығындалғысы келмейді, үнемі оны ауыстырып отыратын, дженериктерді іздейді. Олар ауруды емдеуде тиісті тиімділік бермейді.

Алайда қаржылық ресурстармен жете қамтылмағандықтан, «СҚ-Фармация» тегін таратылатын



препараттар тізіміне түпнұсқасы орнына арзанқолын, ортанқолын қосады. Сөйтіп, медбұйымдар міндеттемесін орындай алмай, пациенттердің наразылығына ұшырайды. Сенаторлар Үкіметтен «жоғары тиімділігі бар, өмірлік маңызды, инновациялық дәрі-дәрмек түрлерінің қолжетімділігін арттыруды» сұрады. Сондай-ақ Қазақстандық ұлттық формулярдағы дәрілік құралдар тізіміне дүркін-дүркін түгендеу-ревизия жүргізіп, пайдасы жоқ препараттарды тізбеден шығарып, бағасына қарамастан, оларды тиімділігін дәлелдей алғанымен алмастыруды ұсынды. Бірақ бәрі тағы қаржы тапшылығына тіреледі.

Сенаторларға түсініктеме берген Үкімет басшысының орынбасары Ермек Көшербаев өңірлердегі тапшылықты болдырмау үшін Денсаулық сақтау министрлігі биылғы қаңтарда амбулаторлық дәрімен қамтамасыз ету тәртібін қайта қарағанына екпін түсірді. Басарық реттеу жойылған, берілетін өтінімдер саны жылына 8-ден 1-ге дейін қысқартылды. «СҚ-Фармацияның» Бірыңғай фармацевтикалық ақпараттық жүйесінде емханамен келісім бойынша дәрі-дәрмекті жүктеуге өтінім автоматты түрде қалыптастырылады.

– Бұрын бұл процесс көп кезеңмен жүретін. Өтінімдерге Денсаулық сақтау басқармасының, медсактандыру қоры филиалының және Денсауминінің келісімін алу талап етілетін. Тек содан кейін ғана бірыңғай дистрибьютор дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды өңірге жүктеп, жөнелте алатын. Сондай-ақ 2025 жылғы 1 сәуірден дәрі-дәрмек қажеттілігін автоматты есептеу жүйесі енгізілді. Онда клиникалық көрсеткіштеріне және дертінің өрбу барысына қарай есепке қойылған әрбір сырқаттың жеке мұқтаждығы есептеледі. Бұл тәсіл медикаменттерді пациенттердің шынайы деректері негізінде сатып алуға мүмкіндік береді әрі дәрілік қамтуды атаулы етеді, – деді вице-премьер.

Қалай болғанда, салада ахуал күрделі. Жоғары аудиторлық палатаның (ЖАП) басшысы Әлихан Смайыловтың ақпаратынша, «СҚ-Фармация» сатып алатын препараттардың ең танымал 15 түрі тіпті дәріханалардағы бағадан 30 пайыз және одан қымбатқа алынған. Мысалға, Стелара ерітіндісінің 1 данасын 1 миллион 8 мың теңгеге сатып алған. Ал дәріханалардан оны 137 500 теңгеден табуға болады екен. Бағаны жасанды өсіру бұл жағдайда 633%-ға жеткен!

«AMANAT» фракциясының мүшесі, депутат Марат Бәшімов ЖАП аудиторлары әшкереленген сорақы деректерді сараптай келе, саланы «сыбайлас жемқорлық, ел қаржысын ханталапай ету, фармацевтикалық мафия, ұйымдасқан

қылмыстық топтар жайлағанға ұқсайды» деген тоқтамға келді. Себебі тек 2024 жылы және тек ТОП-15 препарат бойынша мемлекет 36 миллиард теңге шығын шеккен! Дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар бойынша «СҚ-Фармацияның» барлық сатып алуын талдаса, ақырғы сандар төбешашты тік тұрғызбай ма? Алайда Денсаулық сақтау вице-министрі Ардак Амангелдиев аудиторлардың деректерін қате, тіпті жалған санайды.

– Біз бұл фактілерге наразылық білдіріп, қарсы дәлелдерімізді келтірдік. Сотқа дейінгі шағымымызды ЖАП-қа жібердік. Өйткені барлық растаушы құжаттары мен шығу-тегі жөніндегі сертификаттары бар, медбұйымдарға ресми келген дәрілерді бұлар әлдебір интернет-дәріханада болуы ықтимал деген дәрінің бағасымен салыстыра салған. Салыстырмасы бұрын ұқсас дәріні өздері келтірген «арзан бағамен» сатып та алмаған, соларқылы ол бағаның дұрыстығын растамаған. Аудит жүргізу ережелері мен рәсімдерін өрескел бұзған. Бұлай салыстыру – салоннан сатып алған су жаңа машинаны шетелден, әлдебір жерден әкелінген машинамен салыстырумен тең. Біз 36 млрд теңге бұзушылықты үзілді-кесілді мойындамаймыз! – деді вице-министр Амангелдиев.

ЖАП басшысы Әлихан Смайылов Денсауминінің бұл тұжырымдарын жоққа шығарады. Оның айтуынша, аудиторлар «Виктоза» препаратын астаналық «Тамыр плюс» дәріханасынан 16,5 мың теңгеден алыпты. Ал биылғы сәуірде Астананың №8 қалалық емханасы дәл осы препаратты бастапқы сатып алу бағасымен, 37 мың теңгеден есептен шығарған.

– Дәрі-дәрмектің әрбір қорабы қазір таңбаланады, сондықтан біз оның қозғалысын қадағалай аламыз. Мұнда тағы бір проблеманы байқадық: халыққа емханада таратылуға, тегін амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілер «сұр» схемалармен, жалған түрде есептен шығарылады. Содан кейін олар демпингтік арзан бағамен дәріханалар желісінен бір-ақ шығады, – деді Ә.Смайылов.

Жалпы, Денсаулық сақтау министрлігі және «СҚ-Фармация» Жоғары аудиторлық палатамен соттасуға дейін бара ма, беймәлім. Бір анығы, осы және басқа проблемалар ұзақ жылдан бері шешімін таппай, қордаланды және жүйелі сипатқа ие. Оны шешу үшін жеңіл-желпі, жергілікті емес, жан-жақты, кешенді шаралар қажет. Ортақ шешім мен позицияны айқындау үшін кәсіби медициналық, фармацевтикалық және пациенттік қоғамдастықтарды жұмылдырған жөн.

ДӘУЛЕТ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Жалпы айтар болсақ, Қазақстанның қазіргі кәсіпорындарының әлеуетін бұрынғы кеңес кезеңіндегі өнеркәсіптік әлеуетімен салыстыруға келмейтінін мойындауға тура келеді. Мұндағы бірінші кезекте өте маңызды бір аспектіні ескеру керек. Ол — кеңес кезіндегі салааралық, тіпті салаішілік кооперацияда өндірістік «тізбектердің» болмауы, яғни қазіргі «кластерлердің», Қазақстанда басталып, Қазақстанда аяқталғандары аз. Ал бүкілодақтық «шикізат базасының» рөлі әуелден-ақ жоғары қосымша құн қосылған өнім шығару емес екені анық болатын. Міне, содан да шығар тек көмір, болат немесе қант өндірудің өзінде Қазақстан әлі де болса, 1991 жылғы деңгейге жете қойған жоқ. Бұл бұрынғы КСРО құрамындағы шикізаттық миссиямыздың қаншалықты зор болғандығын көрсетеді. Сондай-ақ электр энергиясын өндіру 2024 жылдары 40%-ға өсті десек, біз бұл көрсеткіш бойынша 1991 жылды шамамен 2011 жылдары ғана «қуып жете» алдық.

Ал АҚШ долларымен есептелетін ЖІӨ көлемі 1991–2024 жылдар арасында «едәуір» өсіп отыр. Әйтсе де, «бәрімізден шығарамыз» деген талабымыз ақыры орындалмады. Оған әуелі 2000 жылдарға дейін басымыздан арылмаған экономикадағы дағдарыстар, одан кейін көршілес елдердің нарықтары әкелген бәсекелестік қысымы қатты әсер етті. Әсіресе, Қытай өте төмен баға ұсына отырып, жер-көкті жаулап алды.

Әрине, отандық өндірістің дамуын тежейтін басқа да себептер болды. Мәселен, жақында ғана Президентіміздің өзі оны дипломатиялық түрде «көптеген жүйелі олқылықтар мен кәсіптіктер» деп өте дәл сипаттап берді. Рас, әңгіме ғылыми сала туралы болғанымен, біз сөз етіп отырған салаға да оны толығымен қолдануға болады. Айталық, ХХІ ғасырдың 20-шы жылдарының басында бірден бірнеше жаһандық факторлар бой көрсетті. Олардың негізгілері — төртінші өнеркәсіптік революция мен жаңа геосаяси шындық еді. Біздің алдымыздан «өзіміздікін өндіреміз бе әлде импортқа тәуелділігімізді созылмалы ауру санатына ауыстырамыз ба?!» деген «төте сұрақ» қайта шықты.

Осы екі жаһандық факторға маңызы олардан кем емес, елдік деңгейдегі тағы екі фактор қосылды. Олар — бүкіл инфрақұрылымның, әсіресе энергетика саласында, айтарлықтай тозуы және онымен тікелей байланысты барлық спектрдегі тапшылық, айталық: генерациялау қуатының, жылу және электрмен жабдықтау желілеріндегі қуаттың және электр энергиясының өзінің тапшылығы. Соңғысы біз үшін жай ғана жаңалық емес, шок болды. Өйткені Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері электр энергиясын экспорттап келген болатын, тіпті кей жылдары бұл көрсеткіш елдегі жалпы өндірістің 4%-ына дейін жеткен еді.

Мұндай сын-қатерлерге кен ауқымда және жүйелі түрде жауап беру қажет болды, әйтпесе барлық жұмсалған күш-жігер өршіп келе жатқан теріс пікірлердің тасасында қалып қояр еді. Сондықтан да бұл мақсаттағы нақты қадамдарға бастау берген 2024 жылдың аяғында Президенттің



ҰЛТТЫҚ ЖОБА — ҰЛТТЫҚ ӨНЕРКӘСІПТІК БАҒДАР

Елімізде «Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртудың Ұлттық жобасы» жүзеге асырылып жатыр. Қазақстанның ұлттық өнеркәсіптік бағдарына айналғалы тұрған бұл құжат өзінің ауқымы бойынша жүктеліп отырған міндеттерге лайық. Дегенмен оны тиімді жүзеге асыруда отандық өндірушілердің рөлін қайта қарастыру маңызды.

қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысы болды деп есептеймін. Онда елімізде отандық тауар өндірушілерді (ОТӨ) қолдау арқылы өнеркәсіптік егемендікті қамтамасыз ету бойынша ауқымды шаралар кешені жүзеге асырылып жатқаны ресми түрде жарияланды. Негізгі міндет — инфрақұрылымды жаңғыртуды индустриялық саясатпен үндестіру болды.

Мұндағы «үндестіру» — аталған формуланың негізгі элементі еді. Сондықтан да мен елдегі кез келген жаңғырту ұлттық өнеркәсіп үшін трамплин болу керек екенін қайталаудан жалыққан емеспін. Қашан да солай болуға тиіс! Ол трамплиннің «ұзындығы» қандай екені маңызды емес, маңыздысы ОТӨ өкілдерінің ол арқылы «ұшуға екпін алуға» басым күшке ие болуға тиіс. Сондай трамплиннің бірі — «Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртудың Ұлттық жобасы». Әзірге 14 триллион теңге көлемінде жүзеге асқалы тұрған бұл құжат Қазақстан үшін бұрын-соңды болмаған жоба болып отыр! Енді оны жүйелі жүзеге асыру мәселесіне келер болсақ, әрине оған қатысты сұрақтар көп, мен солардың кейбіріне толығырақ тоқталғым келеді.

Біріншіден, Ұлттық жобаны жүзеге асырудың ашықтығы мен сапасы. Ол оны кез келген жерде талқылаудан басталуға тиіс. Біз суды, жылуды, электр қуатын және басқа да коммуналдық қызметтерді тұтынып отырған қарапайым адамдардың сенімінен айырылып қалмауымыз керек. Неге?! Себебі олар — тариф арқылы Ұлттық жобаға инвестиция салып отырған толыққанды серіктестер. Мен мұндағы жағдай өзгере бастады деп

үміттенемін. Өйткені Ұлттық жобаны бақылаудың, жоқ дегенде, екі маңызды тетігін енгізу бойынша, яки қаражатты игеру және оны іске асырудың технологиялық сапасына қатысты тиімді бастамаларды қазір Ұлттық палатаның қолдауымен салалық министрліктер талқылауда. Бірақ қаражаттың сапалы және ашық

Олар тек үміт етіп қана қарап отырмайтынын да ескерген абзал. Осынау жалған өндірушілердің өз көзқарастарын тықпалап, «салалық» құн тәртібін басқаруға тырысатын, сонымен Қазақстанның технологиялық егемендігіне қауіп төндіретін кездер аз емес. Біз ондай жағдайларды анықтап,



игерілуіне кепілдік берілумен қатар, тұтынушылар онда өзіміздің қазақстандық өндірістің де үлесі жоғары болғанын қалайды. Өзгелердің өндірісін дамытуға «инвестиция салудың» мәні жоқ екенін қай-қайсымыз да ендігісі түсіндік.

Екінші мәселе — Ұлттық жобаны жүзеге асыруға біздің отандық тауар өндірушілерді тарту. Менің ойымша, ОТӨ-нің Ұлттық жобадағы үлесін биылғы 20%-дан 2029 жылға қарай 60%-ға дейін кезең-кезеңімен ұлғайту принципін құптауға болады. Ал отандық өнімдерді бірден 100% жаппай енгізу қажет деп ұрандатып жүрген тырнақша ішіндегі «жобалар» көбірек күдік ұялатып, тіпті жиіркеніш тудырады. Сондықтан да ондай науқандық асыра сілтеуге ұрынбауымыз қажет. Бірақ біз айтып отырған пайыздар шын мәнінде нақты болуы үшін Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімі (Тізілім) толыққанды іске қосылуға тиіс. Себебі Ұлттық жобаға қатысудан үмітті жалған өндірушілерден құтылудың жалғыз жолы — осы.

Мемлекеттің бүгінгі жүргізіп отырған саясаты өнеркәсіптік тәуелсіздікке және еліміздегі негізгі жобаларды жүзеге асыруға отандық тауар өндірушілерді барынша тартуға бағытталған стратегиялық бетбұрысты паш етеді деп кесіп айтуға болады.

тіркеп, ден қойғанымызбен, мұндай «қолмен басқарудан» аса бір нәтиже болып жатқан жоқ. Өйткені жүйелі түрде тосқауыл қажет. Міне, біз айтып отырған Тізілімнің қуаты да осында. Сондықтан пысықтай айтарымыз: нақты жұмыс істеп тұрған отандық тауар өндірушілердің Ұлттық жобаға қатысу үлесін кезең-кезеңмен арттыруды қамтамасыз ету — аса маңызды!

Тағы бір жүйелі аспект — тиімділік. Энергетика саласы мен коммуналдық қызметтегі энергия ысырапшылдығы мен төмен тиімділік проблемасы өзекті болып тұр. Ұлттық жоба аясында пайдаланылатын материалдар

мен жабдықтардың энергия тиімділігін бағалау индикаторлары, сондай-ақ инженерлік желілер мен жабдықтардың энергия тиімділігін арттырудағы үлестік (салыстырмалы) көрсеткіштері жеткіліксіз. Бір мысал келтіре кетсем, «шартты алғандағы жанармайдың үлестік шығындары» — өндіріс саласындағы тиімділікті анықтаудың әмбебап көрсеткіші. Бірақ, өкінішке қарай ол елеусіз қалып отыр. Соны қайтадан қолданысқа енгізу қажет.

Мемлекеттің бүгінгі жүргізіп отырған саясаты өнеркәсіптік тәуелсіздікке және еліміздегі негізгі жобаларды жүзеге асыруға отандық тауар өндірушілерді барынша тартуға бағытталған стратегиялық бетбұрысты паш етеді деп кесіп айтуға болады. Бұл ретте, Ұлттық жобаның айрықша мәртебеге ие екенін (және ондағы ОТӨ-нің рөлін) өткен жылдың соңында Үкіметтің Мемлекет басшысының тиісті тапсырмасы бойынша Қаулы дайындауға рекордтық уақытта үлгергеніне қарап бағалауға болады. Ендігі келесі қадам, менің ойымша, процестерді цифрландыруды, оның ішінде Ұлттық жобаны жүзеге асыру кезінде де, кез келген адами факторды мүлдем «жорқа шығаратындай» деңгейге жеткізу болуға тиіс.

Сөзімді қорытындылай келе, тағы бір өзекті мәселе туралы айтқым келеді. Жанамалы энергетика — төртінші өнеркәсіптік революцияның ажырамас құрамдас бөлігі. Ол қысқа уақытта үйреншікті жағдайға айналды: көптеген елдердің энергетикалық теңгерімдері қазірдің өзінде жартылай «жасыл» экономикаға көшті. Ал осыған ілесе жүретін энергетикалық жүйелердің технологиялық трансформациясы көп ұзамай бүкіл әлемді саланы басқару тәсілдерін толығымен өзгертуге мәжбүр етпек, Қазақстан да одан сырт қала алмайды.

Бұл біз үшін нені білдіреді? Ұлттық жоба — «Қазақстанның ұлттық өнеркәсіптік бағдары» деп аталатын ұзақ жолдың басы ғана, заманауи әрі маңызды алғашқы байыпты қадамдардың бірі. Сондықтан да біздің, яки

реттеуші органдар, салалық құрылымдар мен сарапшылардың оны қалай жүзеге асыратынымызға, сондай-ақ жаһандық немесе елдік деңгейдегі болсын қандай да бір сын-қатерлерге алдағы уақытта қалай жауап беретінімізге және ұлттық өнеркәсіптік бағдарды қаншалықты жаңарта алатынымызға көп нәрсе байланысты!

Сергей АГАФОНОВ,
«Энергожөндеу, жобалау, инженерлік компаниялар мен энергетикалық жабдықты өндірушілердің Қазақстандық қауымдастығы» ЗТБ төрағасы

АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Асыл ЖИЕНБАЙ: Актер боламын деп армандамадыңыз. Бәрібір іштегі бұлқыныс ешқайда жібермейді ғой. Сізді актер еткен не нәрсе, әлде себепкер кім?

— Мені актер еткен әуелі ұстаздарым, кейін қызмет істеген орта мен ұжымым. Ауылда, басқа ұлттың арасында өстім. Өнерге бар деп бағыт-бағдар беретін, жөн сілтейтін ағаларым да болмады, болса да бәрінің ой-арманы зоотехник, инженер болу еді. Оқу бітіргенімде алдымда үш жол тұрды: ғылым жолы; комсомолдың жұмысы; театр. Осылардың ішінде театрдың ұсыныс бірінші келіп түсті. Бірде философия пәнінен емтихан тапсырып жатыр едік, Әуезов театрының белді актрисасы Шолпан Жандарбекова мені емтиханнан сұрап алып театрдың көркемдік кеңесінің мәжілісіне алып барды. Әлі есімде 1971 жылы 20 қаңтарда бағым жанып, театрға бет бұрдым. Бұл кез — Әуезов театрының алтын ғасыры болатын. Кілең мықты актерлер жиналған орта. Солардың ортасына түсіп, ақыл-кеңесімен, нұсқауымен жүріп біршама рөл ойнадым.

Менің бірінші ұстазым — менің ғана емес, кейінгі толқынның ұстазы марқұм Асқар Токпанов. Асанәлі Әшімов ағамыздың «Токпановтың тоқпағынан өтпеген актер болмайды» деген сөзі бар. Қаншама буын актері сол кісінің тәрбиесінен өтті. Өте қатал болатын, кешігу не болмаса сабаққа дайындыксыз келу деген болмайтын. Қызмет бабымен Жамбыл театрына ауысқан кезінде Асқар Токпановтың орнына Кеңес Одағының халық әртісі Шолпан Жандарбекова келді. Қазақ аруының бәрін сахнаға шығарған актрисалардың бірі. Ол кісінің мінезі жұмсақтау, мейірімді еді. Ешқашан Әуезов театрында жұмыс істеймін деп ойламадым. Өзімше, туған жерім Қарағандыға барамын ғой деп бет түзеп қойғанмын.

ОЛАР БІЗДІ БОЛМЫСЫМЕН ТӘРБИЕЛЕДІ

Дильназ РАФАИЛОВА: Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұхан Жантөрин, Серке Қожамқұлов бәрінің көзін көрдіңіз. Өздері де сол кезде театрда ойнап жүрді. Басқа кімдердің тәрбиесін көрдіңіз, үлгі тұттыңыз?

— Сіз айтып отырған ұлы актерлер бізді тек ақыл-кеңесімен емес, жүріс-тұрысымен, толық болмысымен тәрбиеледі. Мен бір ғана мысал келтірейін. Нөсерлі күннің бірінде аялдамаға түсіп келе жатсам алдымда атақты Серке Қожамқұлов кетіп бара жатыр екен. Қолында үлкен қолшатыры бар. Ол кезде асфальт деген жоқ, жердің бетіндегі қара топырақ лайға айналып болған. Артынан қуып жетіп, «Сераға, ассалаумағалейкум» дедім. Жүрісіне назар салып барамын, балшықты баспайды. Бетіне шыққан киыршық тастарды тауып алып, әуелі соны басады, кейін келесі тасқа барады. Аяғында кішкентай да қылтық кір жоқ. Соған қарамастан театрға жете бергенде шұңқырға жиылған шалшық суға бәтеңкесінің өкшесін тазалап қояды. Сонда былай дейді: «Қазір мен театрға кіремін ғой» деп. «Театр» деген сөзді ерекше бөліп интонациямен айтты. Осындай өміршең мысалдарымен тәрбиеледі.

Ыдырыс Ноғайбаевты айтып отырсындар ғой, ол кісімен көп спектакльде әріптес болдық. Кей жағдайда менің мінезімді сол кісіге ұқсататын: томаға тұйық, өсек-аяңға жоламайтын адам болатын, уақытын босқа өткізбейтін. Қайтыс боларынан екі жыл бұрын Орынбор қаласына гастрольдік сапармен бардық. Бізді бір қонақүйге орналастырды. Спектакльдің дайындығынан бірге шығып, бөлмеге дейін жаяу келеміз, таңға дейін шүйіркелесіп отырамыз, сол кезде ағамыздың шешендігін байқадым. Мұндай мейірбан адамды сирек кездестірдім. Жаны өте нәзік, жұмсақ еді.

Нұрмұхан Жантөринмен сахналас болғаным жоқ. Ол кісі мен келгенде

театрда жұмыс істемеді. Бірақ Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыровтың көзін көрдім, қызметтес болдым. Өкінішке қарай, Қаллеки ағамызды көре алмадым. Сіздерге мынаны айтайын, Әнуар Молдабековты танитын боларсыздар. 47 жасында келместің кемесіне



Тілектес ағаның бойынан қазақ актерлік мектебінің дәстүрі мен терең тамыры сезіледі. Ол — аңызға айналған тұлғалармен бірге қызмет еткен, солардың тәжірибесінен тәлім алған санаулы сахна шеберлерінің бірі. Бүгінде сол көргенін, көңіліне түйгенін жастарға үйретіп жүрген абыз адам. «Аға буын & Z ұрпақ» жобасына қонақ болған профессор, Қазақстанның Халық әртісі Тілектес Мейрамов жастарға өнер мен өмір жайында ақылын айтып, бағыт-бағдар көрсетті.

Тілектес МЕЙРАМОВ,
актер, Қазақстанның Халық әртісі:

ТЕАТР ЗАМАНМЕН

мініп кетті. 1985 жылы Әзірбайжан Мәмбетов Мәскеуге барып А.Чеховтың «Сүйікті менің ағатайым» атты спектаклін қойған кезде бүкіл тіс қаққан әккі сыншының барлығы түрегеліп қол соқты. Бірде-бір кемшілік айтылмады. Сонда бәрі бір ауыздан Әнуар Молдабековты атап өтті. Есімде қалғаны орыс сыншылары «Қазақтарға алғыс айтамыз, Чеховымызды өзімізге қайтарды» деп баға берді. Шын мәнінде, Чехов жалғыз орыстың еншісінде емес қой, бүкіл әлемге



Мен өмір бойы жалақымен өмір сүрген адаммын. Үлкен көлемде гонорар алатындай фильмге де түскенім жоқ. Көздегенім ақша болған емес. Екі жерде жұмыс істеп, соған өмір сүрдік. Тоқсаныншы жылдарғы тоқырау театрға да әсер етті. Сол кезде жалақымды алған бетте ең бірінші пәтер ақымды төлеп тастайтынмын. Қалғанын әйеліме беремін. Автобуста жан жағымызға қарап, тегін жүрген кездер де болды.



ортақ драматург. Кейін сол спектакльде Вания ағайды мен ойнадым. Орынборда жүрген кезімізде Ыдырыс аға екеуіміз сыртқа шықтық. 70 жас шамасындағы ұқыпты киінген ерлі-зайыпты бізді күтіп тұр екен. Біз қақпадан шыққан кезде театрдың артынан Ыдырыс ағаны танып, бізге келіп амандасып, спектакль туралы пікірін айтты. «Біз «Дядя Ваняны» орыс театрларының қойылымында 12 рет көрдік, бүгін 13-рет келіп отырмыз. Қазақтар Чеховтың философиясын дәл құрастырыпты» дейді. Сонда Ыдырыс аға «Мұны жасаған Мәмбетов қой» дегенде, олар да Мәмбетовты сырттай жақсы танытынын айтқаны есімде. Вания ағайды менің ойнағанымды естіп таңданып жатты. Бірақ бұл бейнеде Әнуар Молдабековты ғана көрдім, оны екінші рет қайталауға жүрегім дауаламады. Оны қайта көру мен үшін өте ауыр болды. Өйткені жан-жүрегің, жүйкең сол образда қалады, оны тебіренбей көру мүмкін емес.

Неге екенін білмеймін, қазақ театрларында аударма пьесалар әлсіз қойылады. Қанша жақсы қойылса да, тағдыры ұзаққа бармайды. «Сүйікті менің ағатайымның» да тағдыры солай болды. Кейін Әзекен Қал-

леки театрына ауысқан кезде екі күн қатарынан мені шақыртып сол спектакльді тағы да қойды. Бірінші күні. Кіші зал. Өзі қартайыпты, сахнаға бір жігіттің сүйемелдеуімен шығып жатып, еңкілдеп жылап келе жатыр. Сонда бұрынғы қойған қойылымы еске түс-

«Осы күнге аман-есен жетсек, демек жұтылмағанымыз ғой» деп.

МЕН ҮШІН ҚИЫН КЕЙІПКЕР — «ЕДІЛ ПАТША»

Ақбота МҰХТАР: Осы уақытқа дейін ойнаған рөлдеріңіздің ішіндегі табиғатыңызға ең жақын және образға кіруге ең қиын кейіпкерді айтып беріңізші.

— Табиғатыма жақын кейіпкер — Талғат Теменов қойған «Тыраулап ұшқан тырналардағы» Лукьяновтың рөлі. Былай қарап тұрсаңыз, үлкен де рөл емес. Бірақ сол кейіпкерді ерекше жақсы көріп ойнаймын. Оның болмысы маған жақын болды. Бұл негізгі орыстың пьесасы, бірақ Талғат Теменов бас кейіпкерін соғыс кезіндегі қазақ етіп алды. Сол жігітті трибуналдан құтқару үшін полковник Лукьянов өзінің басын қатерге тігіп, өзі сотталатынын біле тұра, тіпті атылатынын біле тұра Пернебектің қашуына көмектеседі. Әскерден қайтқан эшелонға салып жібереді. Сонда штабтың бастығы «Сені қандай қатер күтіп тұрғанын білесің бе?» деп сауал қойғанда, «Білемін, бірақ қолыңнан келсе, адамға жақсылық жасау — парыз. Махаббат үшін адамды жазалауға да, жазғыруға да болмайды» деп айтады. Осындай адами қасиеті болмысыма жақын.

Театрда жазылмаған қағида бар: саған қандай рөл тапсырса да, ойнап шығуға міндеттісің. Ал мен үшін қиын кейіпкер —

Еділ патшаның рөлі. Өйткені соның алдында ғана марқұм Болат Атабаев қойған Иран-Ғайыптың «Шыңғысхан» спектаклін ойнадым. Екі оқиға желісі де бір-біріне ұқсас. Театр директоры Тұңғышбайға барып: «Еділді мен ойнамай-ақ қояйын. Ертең көрермен тағы бір Шыңғысханды көргендей болмай ма? Бұл маған сын» дедім. Режиссер — марқұм Юрий Ханнинг. Сонда директор келіспей, режиссер мені қалап отырғанын айтты. Бір күні дайындықта режиссерді көріп: «қалай ойнасам да көніңіз, ойыңыздан шықпай жатса, өкпелемеңіз» деп шарт қойдым. Спектакльдің премьерасынан бұрын көркемдік кеңеске тапсырады. Сол кезде айтқанымдай-ақ бір жазушы менің қаупімнің үстінен түсті. «Бізге екінші Шыңғысханның керегі жоқ» деп айтты. Жас болдым, бір кісілік мінезіммен орнымнан тұрдым да «Қалай ойнасам, солай қабылдайсындар» дедім. Бірақ іштей менікі дұрыс емес екенін біліп тұрмын. Марқұм Фарида апай жұбайыма келіп: «Ештеңені уайымдамасын, бәрі жақсы, тек Еділ патшаны жастау қылып алсын» депті. Ал мен Еділ патшаны жасартып ойнадым. Киімін өзгерту туралы шешім қабылдадым, Еділ патшаны зерттеп жүрген тарихшыны театрымызға арнайы шақырттық.

Гаухар ШАВДИРОВА: Театрдан ләззат алатын актер көп. Бірақ таяқтың екі ұшы бар ғой. Сіз үшін осы өнердің ащы тұсы қандай?

— Театр актерлерінің көбі былай дейді: «Репитиция кезінде 2-3 ай қиналасың, басыңды тауға да, тасқа да соғасын. Әдебиетті қопарасын. Бірақ соның бәрі премьерға шығып, көрерменнің қошеметіне бөленгенде бір-ақ сәтте ұмытылып кетеді». Жас кезімізде біз де солай ойладық. Тезірек премьерға шығып, шымылдықтың қайта ашылғанын күттік. Жұрттың қол шапалақтап, гүл ұсынған кездерін армандадық. Оның бәрі актерлік кәсіптің ең жоғары деңгейі. Қазіргі жастардың басым бөлігі соған қызығып келеді. Ал маған процесс ұнайды. Спектакльге қанша уақыт кеткені маңызды емес, күнде бір жаңа дүниені тауып дәлелдеуге тырысасын. Байқасандар, кейде

АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

актерлер көшеде өздерімен өздері сөйлесіп келе жатады. Қолын сермеп те қояды. Өзім де үйде солардың бірімін. Бәлкім кейбіреулерге бұлар ұнамай, жаңа айтқан премьераларға шыққан ұнайтын шығар.

«Қыз Жібек» фильмі шыққан кезде үшеуі керемет танымал болды: Асанәлі Әшімов, Әнуар Молдабеков және Құман Тастанбеков. Ескі ТЮЗ-дің алдында жастар көп жиналатын. Сонда жаңағы актерлер келе жатқан кезде жүгіріп келіп қолтанба сұрайтындар көп еді. Ондай кезде Әнуар Молдабеков алды-артына қарамай қашатын. Кейде студенттеріме де осыны айтамын, «Әнуар Молдабеков өзінің ұлылығынан ұялатын болуы керек» деп. Өйткені өте өзгеше актер болатын. Өкініштісі, көптеген жастар театрға танымал болу үшін келеді. Олай болса келмеген дұрыс. Өйткені ертенгі күні театрдағы тағдыры қалай боларын, қандай режиссерге түсетінін, қандай рөлді сомдайтынын ешкім білмейді.

Айғаным САҒЫНБЕК: Өмірде бір образда жүресіз, театрға келіп әртүрлі кейіпкерге ену қаншалықты қиын?

— Мені қинаған санаулы ғана рөл бар. Спектакльге кем дегенде 2 ай дайындаламыз, кейде одан көп болуы мүмкін. Әуелі үстел басында жұмыс істегеннен кейін сахнаға шығамыз. Сол кезде кейіпкердің образы қалыпқа келе бастайды. Біз театрға енді келгенде қазақ тілін жақсы білетін ұстаздарымыз көп болды. Әрбір сөзіне, әріпке ескерту жасайтын. Спектакльде кей кейіпкерді ойнайтын актерлер белгілі себеппен сахнаға шыға алмаған жағдайда шұғыл түрде орнына кіріп кететін кездер болады. «Еңлік-Кебек» спектаклінде Кебектің рөлін Асанәлі ағамыз

емес» деп жиі айтатын. Театр халықпен, заманмен бірге дамуы керек. Өйткені әр буынның өз көзқарасы, өз талап-тілегі бар. Кеше «Еңлік-Кебек» пьесасының 1923 жылы жазылған нұсқасын тауып алдым. Ол шәй ішіп, ет жеп отырып сөйлесетін пьеса. Мұхтар Әуезов солай жазған. Кейбір театрлар спектакльді 1942 жылы жазылған нұсқасымен қояды. Олар оқиғаның бас кейіпкерлерін жаңа заманға жақындатып қояды. Қазір 1950 жылғы нұсқамен «Еңлік-Кебекті» сахналасак, оны ешкім көрмейді. Мысалы, Мәмбетовтың басты еңбегі қазақ театрын тұрмыстық деңгейден көтеріп, әрекетке алып келді. Актер деген сөз грек тілінен аударғанда «әрекетші» деген мағынаны білдіреді. Техниканың дамыған заманында, тіпті 1970 жылғы спектакльдер іске жарамал қалды. Осыдан екі жыл бұрын жас кезімде ойнаған «Қозы Көрпешті» көріп, қарадай ұялдым. Бірақ сол заманда спектакльдер солай қойылатын. Ал қазір мүлдем басқа. Ендеше сахна үгіт-насихат жүргізіп, сұлулықты дәріптейтін орын емес. Менің ойымша, театрдың негізгі міндеті — көрерменге әсер ету. Театрдан шыққан адам тазаруы керек. Ал ол күліп тазара ма, әлде жылап тазара ма оны әркім өзі біледі. Соңғы кезде театрда таңғалдыру басым. Көрерменді таңғалдыру үшін сахнада бассейн жасайды, жаңбыр, қар жаудырады, трактормен де шығады. Мұндай техникаларды сахнада жасау оп-оңай. 3D-ның көмегімен сахнаға ұшақ та қондыруға болады. Ал актердің ойыны сахнада екінші планға ауысып жатыр. Өз басым бұл құбылысты уақытша деп ойлаймын. Ал кейде: «Мен заманнан қалып қойған жоқпын ба?» деп ойлаймын. Мәм-

танытуы керек қой. Ал сіз халықтың сұранысы бар екен деп, арзан әзілді сахнаға шығаратындарға қалай қарайсыз?

— Қазір мені жылатасын. Жараның орнын тырнағандай болдың. Осы мәселені «Тамашаның» кезінен бастап айтып келеміз. Көзі қаракты адамдардың барлығы айтқан. Мен оның жанрына қарсы емеспін. Сахнада айтылған сөзіне, арзан күлкіге қарсымын. Біздің театрда да арзан комедиялар бар. Маған «көркемдік кеңестің мүшесі болыңыз» деп басшылық айтқан. Бірақ мен айтатын ойымды онсыз да айтамын, кенеске мүше ретінде сайламандар дедім. Ал сол арзан күлкіге құрылған спектакльді репертуардан алып тастайын десек, көрермен сол қойылымға көп келеді. Бұл «Тамашада» да, «Шымкент шоуда» да, басқа әзіл-сықақ театрларында да бар құбылыс. Көріп отырып, өзің ұяласың. Қазақ болғаннан кейін ұяласың. Сен өз халқыңды сына, бірақ мазақ қылма. Мен қазақты мазақ қылғандарға қарсымын. Кеше әлеуметтік желіден бір видео көрдім. Қалың кемпірді жинап алып: «Қалауымды көргендерің үшін сендерге айыппұл саламыз» деп мазақ қылып отыр. Керемет жазушы Тұрсынжан Шапайдың тілінде айтатын болсақ, қазір бір-бір арна күлдіретін профилактория ашып алды. Бірінші арнада жүретін «Көреміз» деген ток-шоудың жабылғанына қуандым. Қазақтың арасындағы небір китүркылықты экранның шығарып, талқылайды. Бірақ соны көрсету — қазаққа қаншалықты керек? Кейбір саяз адамдар жаман аты шыкса да, теледидарға шыққанына мәз. Ал халыққа жексұрын болып отырғанын түсінбейді. 2011 жылдары марқұм Әшірбек Сығай Мем-

Төлеген рөлін сомдау үшін орталық комитетке дейін хат жазған. Мен 2-курс оқып жүрген кезде, Мәскеуден танымал режиссер келді. Мені сабақтан сұрап алып, көшеде суретке түсірді. Мені Шыңғыс Айтматовтың шығармасы бойынша түсірілетін фильмдегі басты рөлге шақырды. Мен бірден «жок» деп жауап бердім. Себебі сол кездегі академияның талабы бойынша, киноға түскен студент оқудан шығатын еді. Мен қазіргі студенттерге «Барлығыңа бірдей театр жетпейді. Өз болашағың үшін кастингке қатыса бер. Мүмкін бір жерден шығарсын» деп айтып отырамын. Барлығының арманы — Қуанышбаев және Әуезов театры. Іштей қарсы болсам да, студенттеріме осылай ақыл айтамын. Бірақ «көпшілікке қосылып, өздерінді жоғалтып алмандар, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін алып шығындар» деп ескертемін. Киноға түсу үшін ең бірінші актердің түріне қарайды. Ал оның шеберлігі, жан-дүниесі — екінші орында. Бір образда қалып қойған әртістер — көпшілікке қосылып, өздерін жоғалтып алғандар. Мен екі сериалға түстім. Кейін мені мазаламандар деп кеттім. Актер өзінше образға бір дүние қосқысы келсе де, режиссер оны жібермейді. Камераға да бейімделу керек. Мен камераға қарап әлі күнге дейін суретке дұрыс түсе алмаймын. Себебі камера жасанды көрінеді. «Көп қорқытады, терең батырады» дейді. Актерлердің барлығы бірдей емес. Бірі пластика жағынан, енді бірі дауысымен дарынды. Ал біз жақсы актермен жұмыс істеп, оны биікке жеткізудің орнына, осалдау актерді шашынан тартып, алға сүйрейміз. Екі актердің арасында дизбаланс болмас үшін, жақсы актердің аяғынан тартып төмен түсіреміз. Сосын екеуі бірдей болады. Нәтижесінде, екі актер де көрінбейді. Сериалдарда сондай. Әр актерді бір қалыпқа келтіре бергеннен, біркелкі дүние шығады.

Жанель ЕРКІНБАЕВА: Аға, сізде атақ та, абырой да бар. Ал тұрмыстық деңгейіңіз қандай? Актерлер қалай өмір сүреді?

— Мен өмір бойы жалақымен өмір сүрген адаммын. Үлкен көлемде гонорар алатындай фильмге де түскенім жоқ. Көздегенім ақша болған емес. Екі жерде жұмыс істеп, соған өмір сүрдік. Токсаныншы жылдарғы тоқырау театрға да әсер етті. Сол кезде жалақымыз алған бетте ең бірінші пәтер ақымды төлеп тастайтынмын. Қалғанын әйеліме бермін. Автобуста жан-жағымызға қарап, тегін жүрген кездер де болды. Қызымыз кішкентай болды. 3 литрлік банкамды алып, таң атпай сүтке кезекке тұратынмын. Меншігімде үй жоқ. Өкіметтің берген үйі.

Рахат ТОКСАНБАЙ: Қазір тұрмыстағы қиындықтан көп жас отбасы ажырасып кетіп жатыр ғой. Сіздер көрген қиындықтарды қазіргі жастар көтере алмайтын сияқты?

— Иә, көтере алмайды. Өзімнің басымнан өткен тәжірибемнен айтсам, жастарға «шыдам» керек. Онсыз болмайды. Студенттеріме де айтамын, ертен үйленіп үй боласындар. Әйелің бір үйдің үкілеген қызы, ал сен бір отбасының әлпештеген баласысың. Қазір қазақтар жиған-тергенін баласының алдына тосады ғой. Ал екеуі кейін отбасы құрған да, мінездері екі түрлі болып шығады. Екі адамның өмірге деген көзқарасы да, тіпті ішетін шайы да екі түрлі ғой. Түсініспеушілік біздің де басымыздан өтті. Төрт жыл бірге оқыдық, үшінші курстан кейін үйлендік. Пәтер жалдап тұрдық. Сол кезде бізді құтқарған «шыдам». Көп болса бір күн бір-бірімізге үндемей жүрерміз. Ерте- нінде бәрібір табысасың. Сөйтіп жүріп отасқанымызға да 54 жыл болыпты. —Әңгімеңізге рақмет!

Дайындаған Көктем ҚАРҚЫН,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

БІРГЕ ДАМУЫ КЕРЕК

ойнады, менің жаңадан келген кезім. Жәуе-тай рөлін ойнайтын актер әскерге кетіп қалды. Бұл кейіпкердің спектакль соңында шығып айтатын бір ауыз сөзі бар. Мен сол рөлге бір апта бойы дайындалдым. Труппа жетекшісі кабинетіне шақырып алып, камшыны тастаудың өзін 1 апта үйретті.

СОҢҒЫ КЕЗДЕ ТЕАТРДА
ТАҢҒАЛДЫРУ БАСЫМ

Ерсұлтан АЛПЫСБАЕВ: Сіз бір мектептің түлегі болсаңыз, сіздің де тәрбиелеген бір мектебіңіз бар. Келешекте өзіңіз сенетін «болашақтың Тілектес Мейрамовы» ретінде кімді атар едіңіз?

— Мен ұстаздық жолымды 1973 жылы М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында бастадым. 1983 жылдан бастап Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында сабақ бере бастадым. Көптеген шәкірт алдымыздан өтті. Оның ішінде Бекжан Тұрсты ерекше атаймын. Оны әрдайым ұстазы Шолпан Жандарбековамен тіркестіріп айтамын. Мені айтпаса да ренжімеймін. Бекжан — өте алғыр жігіт. Алғырлығынан бөлек, ол халықтан шыққан кейіпкерді ойнаудан алдына жан салмайды. Бір рөлді сомдау үшін түрлі мінез-құлықты бойына сіңіреді. Әртүрлі кейіпкерге құбыла алады. Бір кездері Бейбітшілік және келісім сарайында «Бейбарыс сұлтан» спектаклі болды. Сонда сахнаның сол жақ арғы бетінен біреу домалап келе жатты. Сонда «Құдай білсе, мынау Бекжан» дедім. Кейін сөйлей кеткенде, расымен Бекжан екенін білдік. Түрлі образға құбылуды одан артық ешкім жасай алмайды. Ондай актерлер сирек, тіпті жоқ. Сондай-ақ бұл қатарды Бауыржан Ибрагимов, Данагүл Темірсұлтанова, Ғани Құлжанов, Кенес Нұрланов сынды шебер актерлер толықтырады.

Салтанат ЖАНДАРБЕКОВА: Жаңа бір сөзіңізде сахна жайлы айттыңыз. Сахна шындықты айту құралы ма? Әлде, сұлулықты насихаттау жолы ма?

— Бұл сұраққа бір сөзбен жауап беру қиын. Марқұм Болат Атабаев «Театр музей

бетов «Театр газет емес» деп айтқан. Бәрібір театр газет, телеарна сияқты жаналықтың соңынан ілесе алмайды. Олар тек акпарат құралдары. Мысалы, Қытай төрағасының Қазақстанға келгенін театр көрерменге жеткізу үшін үш ай дайындауы қажет. Ал үш айда ол жаналықтың қызығы кетіп қалады. Сондықтан театрдың мақсаты басқа. Театрдан шыққан адам «Неге жыладым, неге күлдім?» деп ойлануы керек. Мысалы, Әзірбайжан Мәмбетовтың «Ана-Жер-Ана» спектаклі 1964 жылдан бастап қойылып, сахнада 37 жыл жүрді. Айына кемінде 2 рет қойылады. Ал халық өмірі үзілген емес. Ол кезде әлеуметтік желі деген жоқ, бірақ халық бірінен-бірі естіп театрға ағылды. Ауылдан қалаға келгендер де, орыс, көріс, ұйғырлар да спектакльге асықты. Қойылымды көрген халық еніреп отыратын. Мен «театрдан ағылған көз жас вокзалға жететіндей болды» деп айтатынмын. Осы қойылымнан кейін көрермендер тазарып шығатын. Ал қазіргі әзіл-сықақ театрларына барған жұрт неге күлгендерін өздері түсінбейді. Құлаққа кірген сөз екінші құлақтан шығып кетеді.

Баян МАХСЕТ: Аға, қазіргі әзіл-сықақ театрлары күлдіре отырып, жылатады. Соңында мораль айтып кететіндері де бар. Бірақ театр адамға эмоционалды интеллекті

лекеттік хатшыға да осы мәселені көтеріп хат жазды. Қазір телеарналарға саликалы, салмақты бағдарлама ұсынғым келеді. Бірақ Астанаға көшіп келген жылдары телеарнаға талпыныс жасап көрдім. Сонда менен әлі шықпаған хабардың «Рейтингі қалай болады?» деп сұрады. Қазір телеарналар тек рейтинг үшін жұмыс істеп жатыр. Тіпті, қазақша «Жайдарман» ойындарының өзі үш кезеңнен тұрады екен. Біріншісі 7-сыныпқа дейін, екіншісі 7-10-сыныптар арасы, үшіншісі студенттер. Сонда мектеп оқушылары сабағын қашан оқиды? Ал «Жайдарманның» әзілдерін тындасан, құлағына түрпідей тиеді. Біз балаларды кішкентайынан арзан әзіл мен күлкіге осылай үйретіп жүрміз. Қазақтың астарлап, түспалдап, емеурінмен сөйлейтін сөзі қазір қалып барады. Ал бұған арзан әзілді насихаттап жүргендер кінәлі.

КӨЗДЕГЕНІМ АҚША БОЛҒАН ЕМЕС

Меруерт САБИТОВА: Кейбір актерлер бір образға кіріп алады да содан шыға алмай қалады. Қанша фильмге түссе де, сол бір образды сомдайды. Сол жайлы не ойлайсыз?

— Оны образ деп те айтуға болмайды. Образ деген мүлдем басқа нәрсе. Біз студент болған кезде киноға түсуге мүлдем рұқсат бермейтін. Құман Тастанбеков ағаларын



ӘЛЕУМЕТ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап көпбалалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 6,5%-ға артты. Дегенмен балаға берілетін жәрдемақы мәселесінде «Балаларға берілетін жәрдемақы барлық балаға бірдей беріле ме?», «Бала күтіміне байланысты төленетін жәрдемақы 3 жасқа дейін ұзаруы мүмкін бе?» деген түйткілді сұрақ бар. Жиі көтерілгенімен, бұл сұраққа тұшымды жауап әлі айтыла қойған жоқ.

Жақында вице-премьер Ермек Көшербаев декреттегі аналарға бала күтімі үшін берілетін ай сайынғы жәрдемақыны 3 жасқа дейін ұзартуға қатысты сұраққа жауап берді.

— «Декреттік демалыстағы аналарға жәрдемақыны 1,5 жылдан ұзақ уақыт төлеуге бола ма?» деген сауал жиі қойылады. Мен, тіпті, 3 жылға дейін төлеуге қарсы емеспін. Ақша болса, әрине, төлейміз. Бірақ басты сұрақ — қаражатты қайдан табамыз? — деді вице-премьер. Сондай-ақ ол жәрдемақы көлемінің қысқартылатыны жөніндегі қауесеттерді жоққа шығарды және жәрдемақының көлемін ұлғайту үшін бағдарламаларға сәйкесінше, «оптимизация» мен ревизия жасалуға тиіс екенін айтты.

— Көп жағдайда бағдарламалар бір-бірін қайталайды. Сол сияқты ваучерлік бағдарламалар да диттеген жеріне жете ме, жоқ па деп күмәнданып жатамыз. Түрлі жұмыс қазір қолға алынып, жүргізіліп жатыр, — деді Ермек Көшербаев.

Жалпы, елімізде балаға берілетін жәрдемақылар саны аз емес. Мәселен, «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР заңына сәйкес, жұмыс істейтін немесе жұмыс істемейтін әйелдер үшін бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Одан бөлек, босанған анаға берілетін бірреттік жәрдемақы — сүйіншіпұл бар, декретке шыққанға дейін жұмыс істеген әйелдер үшін біржолғы әлеуметтік төлем беріледі. Сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға атаулы әлеуметтік көмек секілді мемлекеттен бөлінетін жәрдемақылар бар. Алайда осы «Жәрдемақылар диттеген мақсатта

жұмсалып жатыр ма? Мұқтаж отбасы бұл жәрдемақыларды толық ала алып отыр ма?» деген сұрақтардың да «құлағы» жиі қылтиып қалады. Көптің көкейіндегі бір-қатар сұрақтарды қоғам қайраткері, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері, отбасы-демогра-

назарға алатын мәселе, «Мемлекеттің балаға арнап бюджеттен бөлген қыруар қаржысы ата-анаға толық жетіп отыр ма?» деген сұрақ өзекті, — дейді қоғам қайраткері, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері, отбасы-демографиялық саясат жөніндегі

отбасылардың шөміштен жиі қағылатыны немесе аталған атаулы көмекті атап тұрып балаға арнайтын ата-ананың аз екені туралы жиі айтылып та, жазылып та жатады.

Жақында Сенат депутаты Бекболат Орынбеков: «Атаулы әлеуметтік көмек алып отырса да 6 үйден 12 үйге дейін мүлкі бар 15 отбасы анықталды. Ал 1,5 мың отбасының коммерциялық мүлкі бар болып шықты. Осыған қарап-ақ бұл саладағы қазіргі әдістерді түбегейлі өзгерту керек екенін түсінеміз», — дей келе, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

— Мемлекет бөлген жәрдемақы мақсатты жұмсалуды үшін әрбір балаға арнап «Бала капиталын» енгізу қажет, — дейді Г.Омарова.

Оның айтуынша, бала капиталы — материалдық, қаржылық, зияткерлік салым. Медициналық қызмет көрсету, білім беру, әлеуметтік қорғау, жалпы балалардың дарыны мен қабілеттерін дамытуға жұмсалатын қаражат.

— Ол үшін балаларға қажет қызметтерді тарификациялау қажет. Балалар капиталына арналған барлық мемлекеттік төлемдер тарифқа сәйкес әр ауыл, әр қала баласына жетуге тиіс. Әр отбасы, әр ата-ана баланы аяғына тұрғызу үшін мемлекеттен бөлінген қаржыны тиімді әрі толыққанды қажетіне жаратуы керек. Мәселен, цифрлы заманда әр адамның есепшотына айыппұл қалай жылдам келеді, дәл солай әр адамға, әр балаға жан басына шаққандағы бала капиталына бөлінген қаржы дәл солай каспий кошелек сияқты әмиянға келіп түсуі керек, — дейді ол.

Мемлекет толық цифрлы тетікке ауысып жатқанда бюджеттік, бюджеттік емес қаржыландырудың барлығы ашық түрде цифрландырылуы қажет екеніне тоқталған Г.Омарова:

— Интерактивті ашық бюджет картасының көмегімен «Бала капиталы» жобасын тез арада енгізу керек. UNICE Халықаралық ұйымдарының COVID-19 індеті кезіндегі баяндамасына сәйкес, барлық балаға әмбебап жәрдемақы беру қажет. Сондықтан біздің бұл ұсынымыз өте орынды деп санаймыз. Ашық мемлекеттік бюджет арқылы «бала капиталында» қанша қаражат орта білім алуға, қанша қаражат спортқа жұмсалғаны, жан басына шаққандағы нақты механизмі сияқты есептеуге болады. Айталық, ана баласын педиатрға әкелді — дәрігер тарифі, диагноз қойылды, қандай тегін мемлекеттен дәрі берілуі керек аты мен сомасы тарификацияға сай шегеріліп отырса. Яғни, бюджеттік немесе бюджеттен тыс балаға бөлінетін барлық қаражат ашық, нақты көрсетілсе және оның қандай мақсатта жұмсалғаны да ашық, нақты көрсетілсе. Әр мекеме басшысы ол қаражатты тиімді басқарса және қажетті қаражат қажетті бағытта жұмсалса тез арада әлеуметтік жүйе жөнге келер еді. Қоғамдық бақылау болатын еді. Жемқорлық азайып, қаражатты тиімді басқарар еді, — деді.

2023 жылы елімізде Әлеуметтік кодекс қабылданып, сала мамандары кодексте саланы реттейтін барлық заң біріктіріліп, бір жүйеге келтірді. Осының арқасында мемлекеттен кім, қандай жағдайда және нендей көмек ала алатыны нақты бекітілді атап өткен болатын. Алайда әлеуметтік саланың қордаланған мәселесі мен олқылықтары әлі де шашетектен десек болады. Өйткені вице-премьер Е.Көшербаевтың өзі «көп жағдайда бағдарламалар бір-бірін қайталайды» деген-ді. Ал вице-премьердің «түрлі жұмыс қазір қолға алынып, жүргізіліп жатыр» деп, қандай жұмыстарды айтқанын алдағы уақытта білетін болармыз.

«БАЛА КАПИТАЛЫ» ҚАЖЕТ

Жәрдемақы — бұл жай сандар емес, балаға деген жанашырлық, қамқорлық. Оның артында сәбидің тамағы, киімі, күтімі, ананың алаңсыздығы мен отбасының тыныштығы тұр. Сондықтан «қасқалдақтың қанындай» ғана қаражатты әрбір баланың қажеттілігіне жаратқан абзал.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ҚАМҚОРЛЫҚ — АНАҒА, ЖӘРДЕМАҚЫ — БАЛАҒА



Қазақстанда бала күтіміне байланысты жәрдемақы төлеу тәртібі мен мерзімі бірнеше рет өзгеріске ұшырады. 2023

жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы төлеу мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға (18 айға) ұзартылды. Бұл өзгеріс — Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы Жолдауында айтылған бастаманың бірі. Әлеуметтік кодекске енгізілген осы өзгеріске сәйкес бала туу және бала күтімі бойынша төлемдер мен жәрдемақылардың құқықтық негізі жаңартылды.

фиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі Гүлнар Омарова қойған едік.

— Мемлекеттің қазіргі уақытта бала күтімі үшін 3 жасқа дейін жәрдемақы төлейтін мүмкіндігі жоқ. Бюджет тапшы. Бірақ бүгінгі жағдайда мемлекет балаға аз қаржы жұмсап отырған жоқ. Нақты

Ұлттық комиссия мүшесі Гүлнар Омарова.

ЖЕМҚОРДЫҢ ЖЕМСАУЫ МА?

Себебі Үкіметтен атаулы көмек алатындардың арасында қалталы азаматтардың да кезігіп қалатыны, нағыз тұрмысы төмен

Атаулы әлеуметтік көмек алып отырса да 6 үйден 12 үйге дейін мүлкі бар 15 отбасы анықталды. Ал 1,5 мың отбасының коммерциялық мүлкі бар болып шықты. Осыған қарап-ақ бұл саладағы қазіргі әдістерді түбегейлі өзгерту керек екенін түсінеміз.



КӨЗАЙЫМ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Атырауда сал ауруына шалдыққан бала жалпы білім беретін мектепке барып, параспорт бойынша чемпион атанды. Атыраулық 15 жастағы Ернұр Сатыбалдының өзгелерді шабыттандыратын оқиғасы сенімнің, табандылықтың және қолдаудың шынайы ғажайыптар жасай алатынын көрсетті.

ҒАЖАЙЫП ОҚИҒА

Сал ауруы диагнозымен сәби кезінен күресіп келе жатқан Ернұр аяққа нық тұрып қана қоймай, жалпы білім беретін мектепте оқиды және пара ат спорты бойынша медальдар жеңіп алып жүр. Ернұрға алты айлық кезінде қойылған диагноз бүкіл отбасы үшін үлкен сынақ болды. Оның анасы Назгүл Есенғалиева сол кезден бастап ұлын емдеуге бар өмірін арнады: оналту, массаж, мануалды терапия, басқа қалалар мен елдерге сапарлар. Бірақ бәрін өзгерткен сәт — Ерлан Күміскалиев басқаратын «Атырау. Кішкентай ел» қоғамдық бірлестігімен танысу болды.

— Бұл орталық туралы алғаш рет Ернұр 1 жас 7 айлық кезінде теледидардан білдім. Сол кезде орталықта небәрі екі терапиялық ит — Федя мен Форбс жұмыс істеді. Солардың арқасында ұлымның ас қорыту жүйесі жақсара бастады, — деп еске алады Назгүл Есенғалиева.

Үш жыл бұрын бұл бірлестік аясында иппотерапия орталығы ашылды. Ернұр сол жерде жаттыға бастаған алғашқы балалардың бірі болды. Бұл жаттығулар жай ғана пайдалы емдік тәсіл емес, нағыз серпіліс болды. Ернұр атқа мініп үйренді, өзіне деген сенімділік артты, жарыстарға қатыса бастады. Бүгінде ол — пара ат спортының үш дүркін чемпионы.

— Иппотерапияның арқасында Ернұр өздігінен жүре бастады. Енді оған қолдау қажет емес. Ол инклюзивті сыныптан жалпы сыныпқа ауысты. Қазір оның физикалық және менталдық дамуы өз жасына сай. Біз тіпті Д.Нұрпейісова атындағы музыка академиясына түсуге

дайындалып жүрміз. Өйткені Ернұр музыкаға ғашық. Егер оқуға түсе алмаса, 10-сыныпта оқуды жалғастырамыз, — дейді анасы.

«Атырау. Кішкентай ел» ҚБ-ның иппотерапия орталығындағы барлық бағдарламалар



«КІШКЕНТАЙ ЕЛ»: мейірім мен үміт МЕКЕНІ



әлеуметтік жоба. Мұнда 12 жылдан бері ми мен жұлынның ауыр жарақаттарын алған балалар мен ересектерге ерекше тәсілмен көмек көрсетіліп келеді. Ақ халат пен аурухана қабырғаларының орнына табиғат аясында шипа беретін, мейірімге толы орта қалыптасқан. Бұл — тек емдеу орны емес, бұл — өмірді сүюді үйрететін, үміт пен жанашырлық мекені.

ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ АУЫЛ

«Атырау. Кішкентай ел» әлеуметтік ауылы 5 гектар аумақты алып жатыр. Мұнда арнайы оқу корпусы, отбасыларға арналған қонақ үй кешені, жабық иппотерапия алаңы, ат коралар мен жылқыларға арналған еркін жайылым аумағы бар. Алайда бұл ауылдың нағыз ерекшелігі — ондағы адамдардың жүрегінде. Мұнда махаббат пен жанашырлық — басты ем.

Ауылда иппотерапияға арналған 10 жылқы, арнайы үйретілген 2 канистерапевт ит және 6 мысық «жұмыс істейді». Мұнда осы команданың көмегімен ерекше балалармен, инсульт алған жандармен, мүмкіндігі шектеулі ересектермен жануарлар арқылы жұмыс жүргізіледі. Бұл әдістер — ғылыммен дәлелденген ем түрлері.

Ауылдың негізін қалаушы Ерлан Күміскалиевтің айтуынша, жақында орнитотерапия да іске қосылады. Бұл — тыныс жолдарын жақсарту үшін арнайы құстардың сайрауын тыңдай отырып, дұрыс тыныс

алуға үйрету әдісі. Жылқы мен адам ағзасындағы қан айналым жүйесінің ұқсастығы иппотерапияны ерекше емдеу әдісіне айналдырады. Ат үстінде жүргенде берілетін микроқозғалыстар мен вибрациялар қан айналымын жақсартып, миға оттегі жеткізуге көмектеседі.

«Кішкентай ел» — тек оналту орталығы емес, сонымен қатар кәсіби иппотерапевтерді даярлайтын оқу орны. Қазір мұнда халықаралық деңгейдегі 7 маман жұмыс істейді. Олар әр пациентке жеке бағдарлама жасайды. Өткен жылы мұнда 27 жаңа маман дайындалып, аймақтарда жаңа иппотерапия орталықтары ашыла бастады.

ЧЕМПИОНДАР АУЫЛЫ

Мұнда Атырау облыстық Спорт басқармасымен бірлескен параат спорты секциясы жұмыс істейді. Тірек-қимыл жүйесі бұзылған жандар параат спорт түрімен айналысып, Қазақстан чемпионаттарына қатысып, жүлде иегері атануда. Ерлан Күміскалиевтің өзі — кәсіби спорт жаттықтырушысы, осы бағытта бірнеше чемпионды тәрбиелеген.

Ауыл ұжымы да өз күшімен табыс көздерін табуда — био-гумус өндіріп, сатады, саумал мен қымыз ұсынады, демалыс күндері қолжетімді бағамен иппотерапия сеанстарын өткізеді. Жақында экскурсиялық бағыттағы турлар ұйымдастырылмақ. Бұл — ауыл өмірімен танысып, жануарлардан ем алғысы келетіндер үшін керемет мүмкіндік.

— Бізге қол күші жетіспей жатады. Екі мыңнан астам ағаш бар, оларға күтім жасау керек. Ағашты ақтап, аумақты ретке келтіріп кететін еріктілерге әрдайым қуаныштымыз. Ит мен мысықтарға жем, дәрі-дәрмек алып берген жандарға да шексіз алғыс, — дейді Ерлан Күміскалиев.

«Кішкентай ел» — бұл тек ем орны емес. Бұл — жүрекпен жұмыс істейтін жандардың мекені. Бұл жерде үміт оты өшпейді. Әркімге есігі ашық. Себебі жақсылық көп болуы керек.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы



табиғи әдістерге негізделген — дәрі-дәрмексіз, табиғаттың, жануарлардың және кәсіби нұсқаушылардың көмегімен емдеу жүзеге асады.

— Біз мейірімді және сезімтал жануарлармен жұмыс істейтінімізді мақтан етеміз. Бұл жай ғана атқа міну емес — бұл кешенді терапия. Қазір бізде арнайы үйретілген 12 жылқы бар, — дейді Ерлан Күміскалиев.

Орталық қазірдің өзінде Мақат және Құрманғазы аудандарында белсенді жұмыс істеуде. Бірақ команда мұнымен тоқтап қалмақ емес. Максат — облыстың барлық аудандарында филиал ашу. Қазірдің өзінде жаңа бағдарламалар әзірленіп, мамандар іріктеліп жатыр.

Шыны керек, Атырау қаласы маңындағы Ақсай ауылында орналасқан «Атырау. Кішкентай ел» — бұл еліміздегі тендесі жоқ

КӨЗҚАРАС

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Елімізде жұмысқа орналасу деңгейі төмен мамандықтар қандай? Көрсеткіштің төмен болуының себебі неде? Нарықта сұраныс аз ба, әлде практикалық дайындық сапасы төмен бе? Ал тізімді көш бастап тұрғандар кімдер? Түлектердің жұмысқа орналасуына әсер ететін негізгі факторлар қандай? Көптің көкейінде жүрген шегі жоқ сауалдарымызға жауап алу мақсатында Қазақстандағы жоғары оқу орындарының рейтингін жүргізетін «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына бірқатар сауалымызды жолдадық. «Атамекен» ҰҚП Басқарушы директоры — Адами капиталды дамыту департаментінің директоры Азамат Бейсенбеновтің айтуынша, соңғы жарияланған рейтингке сәйкес, жұмыспен қамтудың ең жоғары деңгейі 90 пайыздан жоғары болған. Бұл көрсеткіш нақты бағыттар бойынша білім алатын түлектер арасында тіркелген. Дәлірек айтсақ, олардың қатарында информатика пәнінің мұғалімі, пайдалы қазбаларды байыту, жалпы медицина және мейірбике сияқты мамандықтар бар. Азамат мырза жоғарыда аталған мамандықтар нарықта үнемі сұранысқа ие екенін және жұмыс берушілер оқуды аяқтағаннан кейін түлектерді өндіріске белсенді түрде тартатынын атап өтті.

— Егер түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі жоғары университеттер туралы айтар болсақ, онда нарықтағы бірнеше мықты ойыншыларды атап өтуге болады. Мысалы, Қазақ ұлттық хореография академиясы жұмысқа орналасудың жүз пайыздық деңгейін көрсетті. Онымен қоса, көшбасшылар қатарында мынадай оқу орындары бар: С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті — 92%, ІТУ (ХАТУ) және Астана медицина университеті — 91%, Astana IT University — 91%, Рудный индустриалды институты және SDU университеті — 90%. Бұл деректер аталған жоғары оқу орындарының түлектері сапалы білім алып қана қоймай, оқу аяқталғаннан кейін бірден еңбек нарығында өз орнын табатындығын айғақтайды, — деді ол.

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ ДЕҢГЕЙІ 60 ПАЙЫЗДАН ТӨМЕН МАМАНДЫҚТАР

Рейтинг қорытындысы бойынша түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 60 пайыздан төмен бірқатар мамандық түрі белгілі болды. Олардың ішінде сән дизайны, саясаттану, құқық қорғау қызметі, бейнелеу өнері және сызу, сондай-ақ алғашқы әскери дайындық мамандығы бар. Азамат Бейсенбенов көрсеткіштің төмен болуына әртүрлі фактор себеп болуы мүмкін екенін жеткізді.

— Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейінің көрсеткіші кейде нарықтағы объективті сұраныстың төмендігінен болуы ықтимал. Мысалы, сән және өнер сияқты салалар жоғары

Дипломы бар, бірақ жұмыссыз. Бұл кейіпкеріміз Аружан сияқты мыңдаған жас маманға «ортақ тағдыр». Осыдан бір жыл бұрын Аружан университетті қызыл дипломмен аяқтаса да, әлі күнге дейін тұрақты жұмыс таба алмай келеді. Себебі жұмыс берушілердің айтары да, қояр талабы да бір — тәжірибе қажет. Ал теорияның айналасында жүрген студент бұл тәжірибені қайдан алсын? Қазіргі кезеңде білім жүйесі мен еңбек нарығының арасындағы мұндай алшақтық жас маманды да, жұмыс берушіні де тығырыққа тіреп тұр.

бәсекелестікті және әлеуетті жұмыс берушілердің тар шеңберін ұсынады. Бұл бағыттарға, тіпті талант болса да орналасу қиын. Саясаттану бағыты, әсіресе тұрақсыз саяси жағдайда әркез тұрақты жұмыс пен лайықты жалақыға кепілдік бермейді. Екіншіден, нарықтық фактордан басқа, дайындық сапасына қатысты мәселелер де бар. Бірқатар университетте практикалық компонент әлсіз немесе нақты жұмыс жағдайларына бейімделмеген, бұл түлектердің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, — деді Азамат Бейсенбенов.

ОҚУ ОРНЫНЫҢ БЕДЕЛІ ҮҚПАЛ ЕТЕДІ

Көкейіміздегі кезекті маңызды сұрақ — Қазақстанда түлектердің жұмысқа орналасуына әсер ететін негізгі факторлар қандай? Азамат мырза «Атамекен» ҰҚП жүргізген зерттеулер негізінде университет түлегінің маман ретінде өндіріске араласуына ықпал ететін бірнеше себепті тізіп өтті. Оның айтуынша, ең алдымен, оқу орнының беделі айтарлықтай ықпал етеді. Бұл дегеніміз — жұмыс берушілер көбіне белгілі, өзін-өзі қалыптастырған жоғары оқу орындарының дайындық сапасына сенім артады деген сөз.

— Одан өзге студенттердің оқу кезінде алатын практикалық тәжірибесі өте маңызды. Бұл тағылымдамалар, практикалық сабақтар, компаниялардың кейс-тапсырмалары болуы мүмкін. Мұндай тәжірибенің болуы оқуды бітіргеннен кейін бірден жұмысқа орналасу мүмкіндігін едәуір арттырады. Жоғары оқу орындарындағы мансап орталықтары да өз міндетін атқарады: олар еңбек нарығына бейімделуге, түйіндеме дайындауға, сұхбатасуға, тіпті жұмыс берушілерге тікелей байланысқа шығуға көмектеседі. Білім беру бағдарламаларының өзектілігі, оның нарықтың талаптарына сәйкес келуі маңызды. Жоғары оқу орындары бизнеспен белсенді ынтымақтасатын және саланың сұраныстары бойынша бағдарламалардың мазмұнын жаңартатын болса, түлектер бәсекеге қабілетті болып шығады, — деді директор.

Жыл сайын рейтинг шеңберінде «Атамекен» ҰҚП салалық сарапшыларды тарта отырып, білім беру бағдарламаларына

— Үшінші бөлім — студенттердің жетістігі. Біз студенттердің стартаптар мен қолданбалы жобаларға қатысуы, магистратурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі, сондай-ақ бағдарлама бойынша оқитын шетелдік студенттердің саны сияқты көрсеткіштерді есепке алдық. Сонымен университеттің жалпы көрсеткіштерінің ішінде біз студенттік ортаны дамытуға инвестициялар деңгейін, ғылыми дәрежелері бар оқытушылардың үлесін, сондай-ақ академиялық орта сапасының индикаторы ретінде олардың жалақы деңгейін ескердік. Осы блоктың барлығы

ЖАС КЕЛСЕ — ІСКЕ

Білім жүйесі мен еңбек нарығының арасындағы алшақтықты жұмыс беруші компания өкілдері де жасырмайды. Біз мәселені екі жақты қарастыру үшін жоғары оқу орнын аяқтаған түлектерді жұмысқа қабылдайтын түрлі мекемеге хабарласып көрдік. Солардың бірі еліміздің құрылыс саласында алдыңғы қатарлы компаниялардың бірі — BI Group. Кейінгі жылдары компания кадр тапшылығын тек еңбек өтілімен емес, практикалық дағдының жетіспеуімен байланыстырады. Біз BI Group холдингінің

БІЛІМ мен БІЛІК БОС



Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейінің көрсеткіші кейде нарықтағы объективті сұраныстың төмендігінен болуы ықтимал. Мысалы, сән және өнер сияқты салалар жоғары бәсекелестікті және әлеуетті жұмыс берушілердің тар шеңберін ұсынады. Бұл бағыттарға, тіпті талант болса да орналасу қиын.

бағалау жүргізеді. Олар рейтингті негізгі 4 блокқа сүйене отырып жасайды. Әр блокқа критерийлер егжей-тегжейлі пысықталады. «Атамекен» ҰҚП дерегіне сүйенсек, оның алғашқысы — түлектердің мансаптық мүмкіндіктері. Компания түлектердің қаншалықты табысты жұмысқа орналасатынын, мамандығы бойынша тез жұмыс табатынын және жоғары оқу орнын бітірген соң бір-екі жылдан кейін олардың табыс деңгейі қандай екеніне көз жеткізеді. Екіншіден, білім беру бағдарламаларының сапасы. Оқу жоспарының заманауи тұрғыда дамуы, нарық талабына сәйкес келуі, практиктер, теоретиктер немесе студенттердің қажетті ресурстарға қолжетімділігі басты назарға алынады.

бізге бағдарламаның студенттерді кәсіби тұрғыда дайындайтынын объективті бағалауға көмектесті, — деді «Атамекен» ҰҚП Басқарушы директоры — Адами капиталды дамыту департаментінің директоры А.Бейсенбенов.

Сөз соңында Азамат Бейсенбенов Қазақстанда оқытылатын білім беру бағдарламаларының әлеуеті бар екенін, бірақ нарықтың заманауи талаптарына толық сәйкес келуі үшін жоғары оқу орындары тарапынан тұрақты даму мен икемділік қажет екенін түйреп өтті. «Біз өз тарапымыздан зерттеу жүргізуді және жоғары оқу орындарына объективті деректер негізінде кері байланыс беруді жалғастыра береміз» деді ол.

HR-директоры Әлия Келдібековадан жас мамандарды жұмысқа қабылдау барысында қандай қиындықтарға тап болатынын жөнінде сұрап көрдік.

— Ең жиі кездесетін мәселе — академиялық дайындық пен құрылыс алаңында немесе жобалық командада туындайтын нақты міндеттер арасындағы алшақтық. Жас маман қолына диплом алып келеді, бірақ нақты нысанға келген уақытта істі неден бастау қажеттігін, процестің қалай ұйымдастырылғанын, кімнің қандай жауапкершілігі бар екенін түсіне бермейді. Дегенмен біз бұл мәселеге түсіністікпен қараймыз. Бұл сын емес, бизнес пен білім беру жүйесі бір-біріне жақын болуы қажет деген белгі. Егер теория практикамен бекітілмесе, адамға жұмыс орнына бейімделіп, өз орнын табу үшін бірнеше ай қажет болады. Біз түлектердің алғашқы күннен бастап іске араласқанын қалаймыз, — деді компания өкілі.

Компания қоғамдағы мұндай карама-қайшылықтан арылып, олқылықтың орнын толтыру үшін оқу орындарымен әріптестік байланысты жолға қойған. Мәселен, компанияда жаңадан келген қызметкерлерге тәжірибелі мамандардан білім алуға мүмкіндік

КӨЗҚАРАС

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



АРАСЫ – КЕҢІСТІК

беретін BI University жұмыс істейді. Мұнда жобалау, басқару және құрылыс алаңындағы коммуникация сияқты нақты дағдыларды үйретеді. Бұл білім жүйесіндегі өзекті мәселеге жұмыс беруші компаниялардың сырттай бақылаушы емес, шешім ұсынушы тарап ретінде қатысып отырғанын көрсетеді.

— Ашығын айтканда, қазір біз үшін ең бағалы ресурс — инженерлер. Біз күрделі, инфрақұрылымдық және ауқымды жобаларды іске асырып жатырмыз. Ал сумен жабдықтау, желдету, жылыту, электрмен қамту сияқты инженерлік жүйелер бойынша мықты мамандарсыз алға жылжу мүмкін емес. Одан бөлек, көлік құрылысына да ерекше басымдық береміз. Неліктен? Себебі салада кадр тапшылығы өте өзекті. Жастар құрылыс мамандықтарын сирек тандайды, ал таңдағандардың өзі көбіне нақты өмірде қажет болатын практикалық дағдыларды толық меңгермей шығады. Сондай-ақ нарық өсіп келеді. Қазақстанда да, біздің халықаралық жобаларымызда да жұмыс істеуден қорықпайтын,

етене байланысының болуы — біз сөз етіп отырған құрылыс саласына ғана емес, барлық мамандық түріне қатысы бар мәселе. Осы тұста компания өкілі «біз ЖОО оқытушылары білім алушыға «Қалай болу қажет?» дегенді ғана емес, шын мәнінде «Құрылыс алаңында қалай болады?» деген шындықты да үйретсе екен» дейді.

Әлеуметтанушы Айсұлу Молдабек қазіргі еңбек нарығында жұмыс іздеген жастардың жиі кезігетін қиындығы — өз мамандығына байланысты қажетті дағдының болмауы екенін айтады. Себебі олардың теориялық білімі болғанымен, практикалық қабілеті нарыққа сәйкес келе бермейді. Жыл сайын оқу орнын тәмәмдайтын студенттердің саны артып келе жатқанын ескерсек, жастардың жұмыспен қамтылуы экономикалық секторларға да тәуелді. Әлеуметтанушы еңбек нарығында жана жұмыс орындарын құру қажет екенін алға тартты.

— Біздің нарық шектеулі. Мысалы, қаржы, IT саласында оқыған жастардың өзі тұрақты

қарай, бос орын аз. Әрине, Қазақстанда қаржы, IT салаларын дамытқан дұрыс. Алайда олар қызмет көрсетуші мамандықтар екенін ескерген жөн. Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін экономиканың нақты секторларына көңіл бөлу қажет. Егер елімізде нақты сектор дамыса, онда бізде IT немесе өзге де саладағы жас мамандар жұмыссыз қалмас еді. Осы ретте еңбек нарығы мен өндіріс салаларының қажеттілігі арасында корреляциялық байланыс қажет екенін айтқым келеді, — деді маман.

МАМАНДЫҚТЫ ЖАЛАҚЫ КӨРСЕТКІШІНЕ ҚАРАП ТАҢДАЙДЫ

Кейінгі уақытта жастардың мамандық таңдауына көбіне қандай әлеуметтік факторлар

әсер етіп отыр? Жоғары жалақы, қызметтегі бедел, қоғамдағы сұраныс, әлде ата-ананың ықпалы ма? Маманнан сұрап көрдік.

— Шыны керек, қазір қай саланың жалақы көрсеткіші жоғары, ата-ана да, бала да сол салаға бет бұруға ұмтылып жатыр. Әсіресе, педагогикалық мамандықтарға сұраныс артып жатқанын жокка шығаруға болмайды. Қазір студенттердің басым бөлігі педагогикалық бағытта білім алатынын байқауға болады. Бұл да жалақы мәселесіне байланысты фактор екенін ескеру қажет. Себебі кейінгі жылдары педагогтердің жалақысы салыстырмалы түрде көбейді. Тағы бір атап өтерлік жайт, ауыл-аймақтардағы тұрақты жұмыс көзі — мектеп, аурухана, яғни мемлекеттің бюджеттік орындары. Сондықтан қазір педагогикалық бағытта білім алып, мектепке мұғалім болып қызметке орналасу да қажеттілікке айналып отыр, — деді әлеуметтанушы А.Молдабек.

P.S. «Атамекен» ҰКП статистикасына сүйенсек, грант негізінде білім алып, бірақ оқу бітірген соң өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндердің үлесі 65 пайызға жетіп отыр. Қалай десек те, бұл құбылыс түптеп келгенде университеттердегі білім беру бағдарламалары мен оқыту форматының еңбек нарығының сұранысына жауап беруімен тығыз байланысты. Білім мен білік арасындағы бос кеңістіктің толмауы — жүйедегі қателік пен жауапкершілік мәселесіне әкеліп тірейді. Егер түйткілдің түйіні тарқамаса жұмыссыз жастар саны арта бермек.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы



JAS QAZAQ ЭТНОЛАГЕРІ АШЫЛДЫ

Жаз мезгілі басталысымен кішкентай бүлдіршіндерге арналған лагерьлер жұмысын қарқынды жүргізе бастайды. Балаларға арналған лагерьлердің негізгі мақсаты — бүлдіршіндерді еңбекке баулып, ұлттық тамырдан ажырамауды көздейді. Жақында осы мақсаттағы тағы бір лагерьдің ашылу салтанаты өтті.



«Отандастар қорының» бас-тамасы шетелдегі қазақ балаларына арналған Jas Qazaq лагерьінің шымылдығы түріліп, кішкентай демалушыларға қызметін бастап кетті. Аталған этнолагерьі Бурабайдағы I Qanat High School of Burabay базасында ресми түрде ашылып, шетелде тұратын этникалық қазақ балаларының басын қосты.

Іс-шараны Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне қарасты «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырды. Jas Qazaq лагерьі — шетелдегі қазақ балаларын тарихи Отанымен рухани және мәдени тұрғыда жақындастыратын бірегей жоба. Биылғы маусым — аталмыш жобаның бесінші рет өткізілуі. Бұған дейін 700-ден астам қандас бала қатысқан болса, биыл АҚШ, Түркия, Польша, БАӘ, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан және Қытай елдерінен келген 150-ге жуық этникалық қазақ балалары келіп отыр.

Лагерь 7-20 шілде аралығында өтеді. Қатысушылар қазақ тілі, тарихы, салт-дәстүрі мен ұлттық ойындарды меңгеріп, киіз үй құру, атқа міну, домбыра тарту сияқты практикалық сабақтар арқылы ұлттық құндылықтарды жан-жақты игереді. Сонымен қатар еліміздің жоға-

ры оқу орындарының қатысуымен өтетін білім көрмесіне қатысып, әртүрлі елден келген замандастарымен достық байланыс орнатады. Этникалық қазақ балаларына түрлі танымдық жобаны ұйымдастыру олардың атамекенін танып-білуіне оңтайлы мүмкіндік туғызуда.

«Отандастар қорының» вице-президенті Алибек Жұрмадам биыл лагерьге 150-ге жуық баланың қатысып жатқанын және алдағы уақытта қатысушылар санын арттыру, жобаны кеңейту жоспары бар екенін атап өтті.

«Бұл — шетелдегі қазақ балалары үшін ерекше әрі маңызды жоба. Олар атамекеніне келіп, ана тілін, мәдениетін, ұлттық болмысын жүрекпен сезінеді. Мұнда балалар тек демалып қоймай, өз тамырын тереңірек танып, рухани байып қайтады», — деді «Отандастар қорының» вице-президенті А.Жұрмадам.

Jas Qazaq лагерьі — Қазақстанның шетелдегі этникалық қазақтарға бағытталған мәдени-гуманитарлық қолдау саясатының жарқын көрінісі. Мәдени демалыс жобасы өскелең ұрпаққа қазақтың төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын сіңіруді көздейді.

С. БЕГІМБАЙ

Біздің нарық шектеулі. Мысалы, қаржы, IT саласында оқыған жастардың өзі тұрақты жұмыс таба алмай жатады. Өйткені нарықта сұраныс санаулы. Ал санаулы сұранысты санаулы мамандар қанағаттандырады. Басқа мамандар не істейді?

шешім қабылдай алатын, өз еңбегімен мақтана білетін мамандарға сұраныс артып отыр. Біз әрдайым санмен жұмыс істей алатын әрі стратегиялық тұрғыда ойлай білетін мамандарды іздейміз, — деді BI Group холдингінің HR-директоры Ә.Келдібекова.

Университет қабырғасында үйретілетін білімнің нарықпен

жұмыс таба алмай жатады. Өйткені нарықта сұраныс санаулы. Ал санаулы сұранысты санаулы мамандар қанағаттандырады. Басқа мамандар не істейді?

Қазір IT мамандары түрлі онлайн платформа арқылы әлемдік нарыққа жұмыс істеп жатыр. Өзіміздің ел ішіндегі нарық үшін жұмыс істегісі келсе, өкінішке

АЙМАҚ

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ТҮЙТКІЛ

ОЙНАП ЖҮРІП
ОТ БАСПАСЫН ДЕСЕК...

Бүгінде экстремизм мен терроризм әлемнің қай түкпірінде болсын адамзат баласына қауіп төндіретін аса үлкен әрі күрделі мәселеге айналды. Тіпті, дін атын жамылған экстремистік топтардың бейбітшілікті бұзып, адамдардың санасын улау әрекеті күннен күнге күшейіп келе жатқаны да жасырын емес.

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Діни экстремизм мен терроризмнің қауіпі қазіргі таңда тек мемлекетке ғана емес, әрбір отбасына, ал ең қиыны бейкүнә балалардың болашағына қатер төндіріп отырғанын айтпаса болмайды. Өйткені бесіктен бөлі жаңа шығып әлі оң мен солын ажырата алмайтын жастар мен жасөспірімдер жеңіл ойдың жетегінде жүріп, ойнақтап жүріп от басқанын аңдамай қалады. Сондықтан бұл құбылыстың табиғатын дұрыс түсініп, оған қарсы әрекет етудің маңызын қоғам болып жете ұғыну — басты міндеттердің бірі.

ҚАУІПТІН СЕБЕПТЕРІ МЕН
ТАРАЛУ АРНАЛАРЫ

Мемлекеттік саясат және жалпы қоғам болып діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес кешенді түрде жүргізілгенімен, замана дертінің таралуына ықпал ететін факторлар аса көп. Олардың ішінде — әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, маргиналдану, кедейлік, діни білімнің таяздығы,

діннің бұрмалануы және жастардың жалған діни насихатқа сенгіштігі сияқты аса қауіпті алғышарттары бар екені рас.

Мамандардың айтуынша, қазіргі жастар интернет кеңістігінде ең осал топқа жатады. Tik-Tok, Telegram, VK сынды платформаларда таралатын жалған уағыздар мен экстремистік мазмұндағы бейнематериалдар олардың санасына тез әсер етеді. Ақмола облысы Дін істері басқармасының жанындағы конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығының басшысы Нүркен Тілеубаев та бұл мәселеге ерекше тоқталып, жастарды діни және медиа сауаттылыққа баулудың маңыздылығын атап бірнеше нақты мысалдар да келтіріп берді.

ШЫНАЙЫ МЫСАЛДАР —
ШЫНАЙЫ ҚАУІП

Көп жағдайда мұндай жағдайлар бізге қатысы жоқ сияқты көрінеді. Алайда соңғы жылдары елімізде де экстремизм мен терроризмге қатысты нақты фактілердің тіркеліп жатқаны бұл мәселенің бізге де жақын екенін дәлелдейді.

Мысалы, Түркістан облысында 17 жастағы жасөспірім экстремистік идеяларды насихаттап, тыйым салынған ұйымдардың материалдарын таратқаны үшін 4 жылға сотталған. Бұл — интернеттегі белсенділіктің қандай нәтижеге апарып соғуы мүмкін екенін көрсететін айқын мысал. Сонымен қатар Ақмола облысында да осыған ұқсас жағдай болды. Сандықтау ауданында мектеп мұғалімі ғаламтор арқылы радикалды сайттарға кіріп, терроризмді насихаттағаны үшін 6 жылға сотталды. Оның әлеуметтік желілерде экстремистік бейнематериалдар таратқаны анықталған. Бұл — қоғамда тек жастар ғана емес, ересектер де қауіп-қатерге бейқам қарайтынын көрсетеді, — дейді Нүркен Найзабекұлы.

АТА-АНАЛАР МЕН ҚОҒАМ
НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК?

Мамандардың айтуынша, экстремизм мен терроризмнің алдын алу — ең алдымен ата-аналар мен мектептердің, жалпы қоғамның бірлескен жұмысына тікелей байланысты. Баланың психологиялық және рухани жағдайын бақылауда ұстау, онымен ашық сөйлесу, сенімді қарым-қатынас орнату — аса маңызды.

— Балалармен жиі сөйлесіп, олардың неге қызығатынын, кіммен араласатынын, қандай сайттарға кіретінін біліп отыру қажет. Интернеттегі әрекеттеріне ата-



аналық бақылау орнату артық етпейді. Сонымен қатар балаларға жалған ақпарат пен шыннайы мәліметті ажыратуды, қауіп төндіретін ортадан сақ болуды үйреткен жөн, — дейді Нүркен Тілеубаев.

Бұл орайда сала мамандары баланы ерте жастан діни және медиа сауаттылыққа үйрету — ең тиімді қорғаныс екенін айтады. Өз пікірін білдіре алатын, өзгеге ерекетпейтін, ішкі сенімі мықты бала — радикалды идеологияға қарсы тұра алатын тұлғаға айналмақ.

Бала — ертеңгі ел болашағы. Сол себепті оның бойына бала кезден мейірімділік, төзімділік, толеранттылық, ұлт пен дінге құрмет секілді құндылықтарды сіңіру — аса маңызды. Бұл — тек мектептің ғана емес, отбасындағы тәрбиенің де үлесі зор екенін білдіреді. Ата-ана баласының кіммен дос екенін, неге қызығатынын, интернетте немен айналысатынын біліп, бағыттап отыр-

ғаны абзал. Ең бастысы, олармен тұрақты қарым-қатынас орнатып, сенімді орта қалыптастыру қажет. Балалар үшін ата-ана — кез келген сәтте бағыт-бағдар көрсететін, қамқорлығымен мен тәрбиесін беретін ең сенімді адамдар. Сондықтан балаға жөн сілтейтін ата-анасының әрқашан әрқашан оның жанынан табылып, аңғалдықпен адасып кетуіне жол бермегені жөн.

P.S.

Экстремизм мен терроризм — бүгінде жаһандық сипат алған қауіп болғанымен, ол әр отбасының табалдырығына дейін жетіп отыр. Бұл дертпен күресу — құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Тек жұмыла әрекет еткенде ғана балаларымызды сақтап қала аламыз.

ДАМУ



Биыл Қарағанды облысында 13 арнайы жұмыс орны ашылды. Жұмысқа орналасқандардың арасында есту, көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар бар.

Қарағандылық Найман Жақсыгорин «АСЕТ инклюзив» қоғамдық бірлестігіне ерекше балаларға арналған үстел ойындары бойынша нұсқаушы болып жұмысқа орналасқан.

Найман мүгедектер арбасының көмегімен қозғалады. Жаңа қызметкерге барынша қолайлы жағдай жасау үшін «АСЕТ инклюзив» үй-жайды пандуспен, тұтқалармен, арнайы жиһазбен жабдықтады.

ИНКЛЮЗИВТІ
ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ
АШЫЛУДА

— Мен арбамен жүретін мүгедекпін, бірақ қолым мен басым жұмыс істейді. Мен өз дағдымды пайдалана алатын жұмыс іздедім. Еңбек ұтқырлығы орталығына жүгіндім. Онда маған «АСЕТ инклюзив» қоғамдық бірлестігінде бос жұмыс орнын ұсынды. Мен келісіп, директормен әңгімелесуден өттім. Біз бұл жұмысқа маған жарайды деген қорытындыға келдік, — деді Найман Жақсыгорин.

Биыл Қарағанды облысында 13 арнайы жұмыс орны ашылды. Жұмысқа орналасқандардың арасында есту, көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар бар.

Тағы бір қарағандылық Алмас Мырзаханов есту қабілетінде күрделі проблемалары барына қарамастан, «АлтынПласт» компания-

сында терезе монтаждаушысы болып жұмысқа орналасқан. Арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерге мемлекет субсидиялар төлейді. Жалдаушыларға жаңа қызметкердің жұмыс орнына кіруіне қажетті пандустарды немесе өзге де жабдықтарды орнату шығындары өтеледі. Бұдан басқа, мемлекеттік субсидиялар ерекше мұқтаждықтары бар адамдардың еңбегіне ақы төлеу шығындарын ішінара өтейді. Жұмыстың бірінші жылында мемлекет жалақының 70%-ын жабады, егер ол 30 АЕК-тен аспаса. Екінші жылы — 65% және үшінші жылы — 60%.

Қарағанды облысында былтыр 1 318 мүгедек жұмысқа орналас-

тырылды. Есту және көру қабілеті бұзылған адамдар үшін 13 арнайы жұмыс орны құрылды. Биыл да 13 арнайы жұмыс орны ашылды, соның ішінде тірек-қозғалыс аппараты бұзылған жұмыс іздеушілер үшін де орындар бар.

С.БЕГІМБАЙ



ГРАНТ САНЫ 30 ПАЙЫЗҒА АРТТЫ

Шымкент қаласында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағытында мемлекеттік білім беру тапсырысы айтарлықтай ұлғайды. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қала әкімінің орынбасары Сарсен Құранбек мәлімдеді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

«Биылғы жылы барлығы 8 000 мемлекеттік грант бөлінді. Оның ішінде 800 орын жергілікті шағын және орта бизнес субъектілерінің сұранысы негізінде қарастырылған. Бұл өнірлік кәсіпорындардың қажеттілігіне сай мамандар даярлау қажеттігін көрсетеді», — деді Сарсен Құранбек.



Биыл — Жұмысшы мамандықтар жылы ретінде белгіленген. Осыған орай білікті жұмысшы кадрлар даярлау бағытындағы мемлекеттік тапсырыс көлемі 29,2%-ға артқан. Гранттар орналастырылатын 26 колледждің тізімі арнайы құрылған комиссия шешімімен бекітілген. Құжат қабылдау 25 маусымнан басталды.

Мемлекеттік грант иегерлері тегін оқумен және алғашқы семестрде бірреттік ыстық тамақпен қамтылады. Одан бөлек, 32 000 — 47 000 теңге аралығында стипендия (білім үлгеріміне байланысты) алады.

Шымкент қаласы әкімі орынбасарының айтуынша, биыл мемлекеттік гранттарды бөлу процесі Ұлттық білім беру деректер ба-

засы (ҰБДБ) арқылы жүзеге асады. Бұған дейін бұл жұмыс Smart-Nation және Platonus платформалары арқылы жүргізілген болатын. «Абитуриенттер арасында гранттарды бөлу тамыз айында өтеді. Нәтижелер қалалық білім басқармасының ресми сайтында жарияланады», — деді ол.

Спикер мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайту жастардың білім алуға қолжетімділігін арттырып, еңбек нарығының сұранысына сай мамандарды дайындау жолындағы маңызды қадам екенін айтады. Бұл бастама жастар арасында техникалық және жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықты арттырып, қаланың экономикалық дамуына серпін береді.

ЕРЛІГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАДЫ

Алматы облысы Алмалыбақ ауылындағы футбол алаңында 10 жасар Максим Головачевке ит шабуыл жасап, бала ауыр жарақат алған болатын. Оқиға орнына құзырлы органдар келгенше дер кезінде жеткен ауыл тұрғыны Серікбек Сақайбаев өміріне төнген қауіпті елемей, итке қарсы тұрып, оны бейтараптандырып, баланы өлім аузынан арашалап қалды. Бұл — нағыз азаматтық батылдық пен шынайы ерліктің үлгісі.



Серікбек Сақайбаевтың батылдығы елеусіз қалмады. Оған құрмет көрсету мақсатында арнайы марапаттау шарасы ұйымдастырылды. Шара барысында Қарасай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Рустам Атшабаров Серікбек мырзаға алғысхат пен демеушілер атынан қаржылай сыйлық табыстады.

Сонымен қатар мерекелік жиынға аудандық полиция басқармасының басшысы Нұсқабек Зауланбаев пен төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Бағдат Шәріпбеков арнайы келіп, Серікбек Сақайбаевқа алғысхаттар мен естелік сыйлықтар тапсырды. Қарасай аудандық аксақалдар кеңесінің төрағасы Сағат Мәсі-

мақынов өз батасын беріп, бұл ерлік елге үлгі болатынын атап өтті.

Бұл оқиға — әрбір азамат үшін үлкен сабақ. Қоғамдағы бейқамдық пен салғырттық адам өміріне қауіп төндіретіні анық. Зансыз және бақылаусыз ит ұстау деректері анықталған жағдайда тұрғындар құқық қорғау органдарына немесе аудан әкімдігіне дереу хабарлауға тиіс.

Қарасай ауданы әкімдігі Максимнің тезірек сауығып кетуін тілей отырып, бұл істі толық бақылауда ұстап отыр. Адам өмірі мен қоғамдық қауіпсіздік — біздің ең басты құндылықтарымыз.

Ә.МҰХАНБЕТ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университетке қарасты Түркістан қаласы, Н.Назарбаев көшесі №23 мекенжайда орналасқан екі қабатты ғимаратқа (бұрынғы Б.Кенжебаев атындағы мұражай ғимараты) жөндеу жұмыстарын жүргізуді сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі — 45 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

- әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
- әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
- әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
- Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.
- әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);
- әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті

көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;

9. құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

10. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 01.08.2025 ж. (12:00), 201-кабинет.

ДОДА

12 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



Меруерт Төлегенқызы 22 жылдан бері шәкірт тәрбиелеп жүр. Көркем гимнастикамен 6 жасынан айналысқан ол 8-сыныпта бапкерлік жолды таңдайтынын білген. Семейде басталған жол артынша Астанамен байланысқан. Қазір оның Астана қаласында 16, Алматы қаласында 3 көркем гимнастика мектебі бар. Талантты бапкердің бірнеше шәкірті биік белесті бағындырып жүр. Соның бірі – Ақмарал Ерекеш. Ол жақында жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында топ жарды.

Меруерт ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
көркем гимнастикадан жоғары санатты бапкер:

ТАЛАНТ – АЛЛА БЕРГЕН СЫЙ

– Меруерт, осыдан екі жыл бұрын сұхбаттасқанда жас таланттар өсіп жатыр деп едіңіз. Соның ішінде Ақмарал Ерекешті атап өткенсіз. Шәкіртіңіз жасөспірімдер арасында әлем чемпионы атанды.

– Иә, біз бұл жарысқа өте жоспарлы түрде дайындалдық. Әлем чемпионатының алдында, бір ай бұрын Азия чемпионаты өтті. Сол жерде Ақмарал чемпион атанды. Азия чемпионатында бір жағынан өзімізді сынап көрдік, екінші жағынан дайындық деңгейін білуге таптырмас мүмкіндік болды. Аталған чемпионаттан кейін жаттығу бағдарламасын күрделендіріп, техника мен тактикаға көбірек көңіл бөлдік. Нәтижесінде, әлем чемпионатын ойдағыдай өткіздік. Бұл – тарихи жеңіс. Себебі бұған дейін Қазақстан әлем чемпионатында ең жоғары дегенде төртінші орынмен шектелген. Айта кетерлігі, жыл санап жаттықтырушының да, спортшының да деңгейі өсіп жатыр. Бұрын қыздар шетелге, соның ішінде Ресей асып дайындалатын, жеке бапкер жалдайтын. Қазір еліміздегі жаттықтыру деңгейі шетелден кем емес. Нәтижесін көрдіңіздер, тарихты жаңартып жатырмыз. Біз мұнымен тоқтамаймыз. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, талантты танып, оны жарыққа шығару үшін барымызды саламыз.

– Жеңіс егіз дегендей, Ақмарал әлемдік брендпен келісімшартқа отырған екен. Бұл қалай болды?

– Иә, Ақмарал – Sasaki әлемдік брендімен келісімшартқа отырған алғашқы шетелдік спортшы. Оның сахнадағы мінезі, еңбекқорлығы, шеберлігі көптің назарын аударды. Әсіресе, өзін-өзі ұстауы, әр нөмірін толық алып шығуға ұмтылысы талайды тәнті етті. Басшылар оның әртістік қабілеті, сахнада ұшып жүргендей еркін қимылдауы да брендтің болмысын ашатынын түсінді. Sasaki-дің тұңғыш рет шетелдік гимнастпен келісімшартқа отыруы – бұл қазақ спортшысының халықаралық аренадағы беделі артып келе жатқанының нақты дәлелі. Бұл жол басқа да жас спортшыларға шабыт береді деп сенеміз. Алдымен, аталған бренд менімен байланысқа шығып, ұсыныс білдірді. Федерацияға, басшылыққа жақсы жаңалықты жеткізіп, нәтижелі жұмыс екеніне көз жеткіздім. Одан кейін Ақмаралдың

өзіне хабарладым. Ал алғашында не сенерін, не сенбесін білмеді. Біз де шәкіртіміздің қуанышына барынша ортақтасуға тырыстық.

– Ал Ақмаралдың ең алғаш залға келгені есіңізде ме?

– Әрине, есімде. Ақмаралдың алғаш рет жаттығуға келген сәті әлі күнге дейін көз алдымда тұрады. Осы тұста қызық факт айтайын. Менің бапкер ретінде бірнеше ережем бар. Соның бірі тым ерте жастан, яғни 3-4 жастан қыздарды жаттығуға алмаймын. Бірақ Ақмаралды төрт жасынан қатарға қостым. Әлі күнге басқасына мұндай «жеңілдік» жасағаным жоқ. Есептесем, жаттықтырып келе жатқаным 11 жыл бо-



лыпты. Ол алғаш келгенде-ақ мені бірден баурап алды, таңғалдырды. Бойында спортқа деген үлкен махаббат барын байқадым. Көзі күлімдеп, «нәтижеге жетпей қоймаймын» дегендей болды. Баланы жарқын болашақ күтіп тұрғанын түсіндім. Түсіндім де, оны осы бекзат спортқа баули бастадым. Жаттығуға жауапкершілікпен қарайтыны, барынша тыңдап, ұғып, табанды дайындығы бірден байқалды. Ақмаралды қатардағы шәкірт ретінде қабылдамадым. Оның нәтиже шығаратынына, елімізді халықаралық аренада танытатынына, өзіндік қолтаңбасы бар гимнаст боларына сендім. Содан ба осындай сұхбат кезінде «Кімнен үміт күтесіз?» дейтін

сұраққа ойланбастан Ақмаралды қосатыным. Айтқаным айдай келіп, ол өзінің де, менің де, ата-анасының да үмітін актады.

Жаттықтырушы ретінде мен үшін ең маңыздысы – баланың ішкі мүмкіндігін, болашағын ертерек танып-білу. Ақмаралдың бойындағы талантты алғашқы күндерден-ақ байқадым. Тапсырма берсең, оны бар ынтасымен орындауға тырысатын. Бір нәрсені бір көрсетсең, тез қағып алатын. Бұл гимнастшы үшін керек қабілет. Сонымен қатар жарыста өзін қалай ұстайтыны да маңызды. Ақмарал алғаш қатысқан жергілікті жарыстарда-ақ толқымай, сенімді өнер көрсетті. Сол кезде оның үлкен сахнаға дайын екенін байқадым. Жеңіске жетуге деген құлшынысы, еңбекқорлығы мен сабырлығы – оның басты қасиеті. Талант – Алла берген сый, ал оны дамыту үшін еңбек пен тәртіп керек. Ал Ақмаралда осының бәрі бар.

– Естуімізше, көпке ұнаған «Чаплин» нөмірін дайындауды сіз ұсыныпсыз. Осы музыка Ақмаралды бейнелейтіндей көріне ме?

– Ақмаралдың болмысына, әртістік қабілетіне қарап «Чаплин» нөмірін дайындауды ұсындым. Аталған музыка мен образды бекер таңдамадым. Өйткені оның берілген тапсырманы толық орындап, нөмірге өзіндік өрнек қоса алатынын білдім. Ол эмоцияға толы бейнесімен көрерменнің жүрегін жаулап алады. Оның нөмірін бір рет көрген



адам келесіде жазбай танитын болады. Сондықтан Чарли Чаплин сияқты бүкіл әлемге танымал, әрі эмоцияға бай образ оған дәл келеді деп түйдім. Нәтижесінде, күткендей-ақ ол бұл образды керемет жеткізе білді. Ал обручка «Рух» атты әнді таңдап алдық. Бұл – біздің патриоттық рухымызды, ұлттық болмысымызды көрсету үшін арнайы жасалған шешім. Мен Ақмарал арқылы қазақтың мәдениетін, рухын көрсетуге тырыстым. Бұл композиция көрермендерге де ерекше әсер етті. Өзі де барын ортаға салып, жоғары деңгейде орындап шықты.

– Шәкіртіңіз гимнастикадағы төрт құралмен де еркін өнер көрсете ме?

– Біздің басты бағытымыз – көпсайыс. Сондықтан гимнастшы барлық төрт құралмен де еркін әрі сапалы өнер көрсете білуі керек. Егер белгілі бір құралда еркін көсіле алмай жатса, онда жаттығу барысында сол құралға баса назар аударамыз. Арнайы уақыт бөліп, шеберлігін шыңдауға тырысамыз. Ақмарал – жан-жақты спортшы, барлық құралмен жақсы жұмыс істейді. Бірақ оның ең сүйікті құралы таспа екенін анық білемін. Аталған құрал көркем гимнастикада ең күрделі құрал санатында. Өйткені оны игеру кезінде қозғалыс дәлдігімен қатар, ырғақ, пластика және әртістік шеберлік те өте маңызды. Сондықтан Ақмаралдың таспамен көрсететін бағдарламасы – оның көзірі. Көрерменнің есінде қалатын, әсерлі шығатын нөмірдің бірі. Байқағаным, ол таспамен өнер көрсеткенде залда тыныштық орнап, бәрі бір сәтке сол образға еніп кетеді. Бұл – нағыз шеберлік пен артистизмнің белгісі.

– Жанкүйерлер Ақмаралдан ендігіде бұдан да үлкен жетістік күтеді. Осы қысымға дайынсыздар ма?

– Иә, жанкүйерлердің үміті мен күткені – біз үшін үлкен жауапкершілік. Әрине, бұл белгілі бір қысым тудыратыны рас. Бірақ сол қысымды дұрыс қабылдап, мотивация ретінде қолдануға тырысамыз. Ақмаралдың өзі де өте саналы, ішкі дайындығы мықты спортшы. Біз жеткен жетістікпен тоқтап қалмаймыз, әрі қарай да жұмыс істей береміз. Ең бастысы – жаттығуда шеберлікті шыңдау. Егер күнделікті дайындықта бәрі сапалы болса, онда ешқандай сыртқы фактор кедергі бола алмайды.

– Алда қандай жоспарыңыз бар? Ақмаралды қандай жарыс күтіп тұр?

Кез келген спортшының биігі – Олимпиада ойындары. Ақмарал да сол жолда тер төгіп, жетістікке жеткісі келеді. Әлия Юсупованың Пекин Олимпиадасында көрсеткен жарқын өнері ел есінде. Оның үстіне Ресейдің «сен тұр, мен атайын» дейтін қыздарымен терезесі тен өнер көрсетуі – шеберлік. Қазір бәсеке тіптен жоғары. Ақмарал да, мен де Олимпия биігін бағындырсақ, еліміздің көркем гимнастика тарихына елеулі өзгеріс әкелсек дейміз. Жаттықтырушы ретінде қыздарды барынша бекзат өнерге баулып, қанатын кең жаюына серпін берсем деймін. Айта кету керек, ел ішінде де бәсеке жыл санап артып келеді. Көркем гимнастикаға қызығушылық жоғары. Болашақта талайға таңдай қақтырар өрендер шығатынына сенемін. Әр бапкер әлем мойындар шәкірт тәрбиелегісі келетіні тағы бар. Қазір Шымкентте ғана көркем гимнастика үшін бар жағдай жасалған орталық бар. Сондай орталықтың Астанада да ашылса деймін. Көркем гимнастшылардың «Барыс Аренаға» ұқсас биік әрі кең залда дайындалып жүргенін қалаймын.

Сұхбаттасқан
Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4615
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,